# SARYARQA

22 mamyr
2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№18 (8182)



KÚN TÁRTІBІ — КӨШЕЛЕРДІҢ КӨРКІ КІРМЕК — 3-бет

MÁDENIET — «РУХАНИЯТТЫ ҚОЛДАУ – КЕЛЕШЕКТІ ОЙЛАУ» — 4-бет

MEREI — БҰЛ – БІЗДІҢ ТӨКЕҢ — 5-бет

ZERDE — ҚАРСАҚБАЙДАН БЕРЛИНГЕ ДЕЙІН — 6-бет


АЛТЫНОРДА – 750

## ТАРИХИ КЕШЕН – ІРІ ТУРИСТІК ЖОБА



**Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында айтқан: «Ұлытау халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығына айналуы тиіс. Бұл жұмыстарды Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеу қарсаңында бастау керек. Біз Алтын Орда негізін қалаушы Жошы ханға міндетті түрде құрмет көрсетуіміз керек. Аса маңызды миссия: бүкіл әлемнің назарын осындай тарихи тұлғаға аудару және оның кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру», – деген тапсырмасы бүгінде іске асып жатыр.**

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы шеңберінде Жошы хан тарихи-мәдени орталығының құрылысына республикалық бюджеттен 800 млн теңге бөлінгеніп, қазір іргелі кешеннің құрылысы басталды.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Бес айға жоспарланған құрылыс жұмыстарын «Самға» ЖШС компаниясы жүзеге асырып жатыр. Күзде тапсырылатын кешеннің жобалық-сметалық құжаттарын астаналық «Архитектурное бюро «Форма S» ЖШС әзірлеген. Енді кесене айналасынан бой көтеретін кешеннің болашақтағы кейпіне көз жүгіртсек. Жобаға сәйкес Жошы Хан тарихи-мәдени кешенінде экспозициялар мен демонстрацияларға арналған залдар, басты кіру үй-жайы (негізгі кіру тамбуры және кешеннің аулалық бөлігіне өту жолы, қызметтік, күзет үй-жайы), оң жақ қанатында намазхана, буфет пен шайхана, ерлер мен әйелдерге арналған санитарлық тораптар, персоналдың тұруына арналған бөлмелер мен шаруашылық заттар қоймасы, жылытылатын галерея, ашық аспан астында демалу ротондасы бар галерея болады.

Сонымен қатар, кешеннің сол жақ қанатында туристердің демалуына арналған 20 адамдық он бөлме және шаруашылық мақсаттағы техникалық, қосалқы үй-жайлар мен галериялар орналастыру жоспарланған.

Бүгінде құрылыс алаңында шекараларды анықтау, жер учаскесін бөлу және қазаншұңқырды әзірлеу жұмыстары аяқталып, кешеннің ескі іргетастын монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Нысан құрлысына 8 арнайы техника мен жұмыспен қамту орталығынан 100 жұмыскер жұмылдырылады.

Жошы хан тарихи-мәдени орталығының құрылысы сәтті аяқталса жергілікті билік өкілдері туристік фирмалармен әріптестік орнатып, тарихи орынға зиярат етіп келушілердің санын арттыруға кірісеміз деп отыр. Сонымен қатар, Жошы ханның тарихи-мәдени кешенін, бірінші кезекте Алтын Орда ескерткіштерін зерттеу үшін ғылыми база ретінде пайдалануға болатынын алға тартқан олар отандық және шетелдік ғалымдардың қатысуымен тарихи тақырыптарда ғылыми конференциялар, студенттер мен оқушылар үшін тарих сабақтары мен оқу тәжірибелерін өткізуге жол ашылатынын да айтады

**Бота ШАЛҚАР**

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢАРАДЫ

**Өткен аптада Қарағанды облысының әкімі Жеңіс ҚАСЫМБЕК жұмыс сапарымен Жезқазғанға келген болатын.**



Жеңіс Қасымбек сапар барысында «Жұмыспен қамтудың жол картасы» және «Нұрлы жер» бағдарламалары бойынша атқарылып жатқан жұмыс барысына назар аударып, тұрғын үй құрылысымен танысты. Сондай-ақ, осы жолы Есқұла су таратқышының құрылысы қолға алынатыны айтылды.

Биыл Жезқазғанда ауқымды жобалар жоспарлануда. Жергілікті әкімдік «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында құрылыс жүргізіп, нысандарды жөндеп, тұрғындарды жұмыспен қамтымақ. Мысалы, әлеуметтік мәдени-тұрмыстық төрт нысанды, 58 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті мен шатырын, 1,5 шақырымға жуық кәріз және су құбыры желілерін жөндеу жоспарланған. Қала жолдары да биыл ретке келтіріле бастады. Атап айтқанда, апатты жағдайда деп танылған №4 жол өткелін қалпына келтіруге кірісті.

Бұдан бөлек, екі саябақ абаттандырылады. 800 жарық шамдары орнатылады. Осылайша, мыңнан астам жұмыс орны ашылады.

– Жезқазғанда «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша жалпы сомасы 3,9 млрд. теңге болатын 36 жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде, 33 инфрақұрылымдық жоба және 3 құрылыс жобасы бар, – деді қала әкімі Қайрат Бегімов.

Жұмыспен қамтудың жол картасы бойынша жөнделетін нысандардың бірі – Алғашқы құрылысшылар алаңындағы субұрқақ. Мұнда 15 адам жұмыспен қамтылды.

– Біз кәріз және сумен қамтамасыз ету жүйесін жөндеу жұмыстарын қолға алдық. Бастапқыда жұмыс күші жетіспеді. Сондықтан, жұмыспен қамту орталығына жүгіндік. Олар жеті адамды жолдады. Жұмысшылардың орташа жалақысы – 85 000 теңге, – дейді «Медет» ЖК бригадирі Есет Әбжалелов.

►►2-бетте

ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

## ҚАЛАМДАСТЫҢ ТАЛТҮСІ



**Өкшемізді басып, өмір өріне өнеге өрісін жайып келе жатқан Төлеш Асанов әріптесіміз де алпыс жастың асуына шығыпты. Артына қарайласа кесіп өткен талай белестері өркеш-өркеш болып көсіледі, алдына көз тіксе әлі де алынбаған тың асулары қол бұлғап шақырады. «Алпыс – талтүс» деп жатады ғой әлбетте. Олай болса, талтүсің құтты болсын дейміз қаламдас бауырымызға. Алдағы алар асуларың көп болсын!**

Осыдан тура 18 жыл бұрын «Сарыарқа» газетінің бас редакторлығынан кеткенімде басылым тізгінін сенімді әріптес Төлештің қолына ұстатқан кезең еске түседі. Ол Сәтбаев қалалық «Шарайна» газетінің бас редакторы еді. Сәуір айы болатын. Облыстық Журналистер форумына барып, Қарағандыдағы қонақүйдің қатар бөлмелеріне жайғасқан біз іс-шарадан соң өзімізше бас қостық. Біраз әңгімелер айтылды. «Төлеш, мен осыдан барысымен редакторлықтан босату жөнінде өтініш бермекпін. Әкімнің түртпектеуі көбейді, жүйкемді жұқартқанша «керегі осы болса ала ғой» деп қызметін тапсырайын деп отырмын», – дедім достық көңілмен іштегі сырды ақтарып. «Бірақ, әкімнің менің орныма кімді көздеп отырғанын біле алмадым. Әйтеуір, газетті білетін жігіттердің бірі келсе дұрыс болар еді» деп тағы бір тоқтағанымда Төлеш сәл тосылып қалды. Сәлден соң күмілжіп барып:

– Аужеке, өзіңіз бастадыңыз ғой, айта алмай жүрген едім. Енді жасырғанмен болмас. Әкім өткен жылдан бері «Сарыарқаға» келсейші деп мені мазалап жүрген-тін. Қос қаланың бюджеті осы кісінің қолында ғой. Осы жолы амалсыз келістім, - деп ақтарылды ол да.

Бұған өзім қатты қуандым. «Мен кете қалсам анау болады, мынау болады» деп ниеттес жігіттермен іштей бал ашып жүргенімізде әлдекімдердің емес, қатар жүрген дос, сенімді әріптес Төлештің келетіні шын мәнінде көңілімді орнықтырды. Бұлайша сенімді болуымның да өзіндік қисыны бар болатын. Екеуміз қайта құру дүрмегі белең алып тұрған сонау 1985 жылдан бастап облыстық «Жезқазған туы» газетінде қатар еңбек етіп, талай қызық пен шыжықты бастан бірге өткіздік десе болады. Мен партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі болып жүрген кезде қатарға келген ол жауапты хатшының орынбасары ретінде жұмысын бастады. Көп кешікпей-ақ газет шығарудың ішкі жұмыстарын ойдағыдай үйіріп әкетті.

Төлеш Асанов – сол замандағы қалам ұстаған сандаған таланттардың алтын ұясына айналған С.М.Киров атындағы ҚазМУ-нің түлегі. Ол еңбек жолын 1977 жылы Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінде әдеби қызметкер болып бастап, екі жылдан соң журналистика факультетіне оқуға түскенде қаламы ұшталған жастардың легінде танылған екен. Университетті бітірген соң өзі қанаттанған аудандық газетке оралып, бөлім меңгерушісі болды. Сондықтан облыстық басылымға келіп газет макетін жасап, полиграфиялық безендіру ісін атқарумен қатар қалам сілтеуде де қамшы салдыра қойған жоқ. Әлеумет көңіліндегі тақырыптарды көтерген тартымды мақалаларымен тез арада көзге түсті. Көркем шығарма жазуға бейімділігін байқатты. Сол кезеңде оның «Жезқазған туында» жарияланған «Боздау» деген әңгімесі оқырманын елең еткізгені есімізде. Шұрайлы тіл, әсерлі образбен кестеленген дүниеге әріптестері де жақсы бағасын беріп, ризалық танытқан болатын. Кейін де Төлештің аз жазғанмен, саз жазған әңгімелері республикалық әдеби журналдарда жарияланып жүрді. Солардың басын біріктірген прозалық жинағы «Боздау» деп аталады. Міне, осы жолдардан алқынбай, байсалды қалпында өткен Төлеш Сүлейменұлын біз газет технологиясының білгір маманы, қаламы қарымды журналист деп білеміз. Ол облыстық «Жезқазған туында» (кейін «Сарыарқа») хаттар бөлімінің меңгерушісі, одан соң жауапты хатшы болып жемісті еңбек етті. Журналистік қабілет-қарымымен барынша танылды. Жезқазған облысының жабылып, ежелгі Қарағанды облысына қосылуы көптеген әріптестеріміздің өміріне күрт өзгеріс тудырған сындарлы шақ болған еді. Осы кезде Төлеш те қызмет бабымен Қарағандыға қарай ойысты.

►►5-бетте

## «EKIN PATROL»

*«шумахерлерді» жөнге салады*

**Жылдамдықты сүйетін жүргізушілер енді газды баспас бұрын ойланатын болды. Өйткені, Жезқазғанның жолдарында бармақ басты, көз қыстылыққа көнбейтін, таныс-тамыр дегенді білмейтін «EKIN PATROL» арнайы көлігі жүр. Ол жылдамдықты асырған жүргізушілерді автоматты түрде анықтайды.**




– Қарағанды облысының полиция департаменті Жезқазған-Ұлытау аймағына бір «EKIN PATROL» автокөлігін бөлді. Көліктің артықшылығы – ол жол ережесін, оның ішінде жылдамдықты шамадан асырған жүргізушілерді анықтап, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жүргізуші туралы мәліметті бас прокуратураның серверіне жолдайды. Олар өз кезегінде көлік иесіне «Қазпошта» арқылы хат жолдап, айыппұл төлеуге міндетті екенін ескертеді. Автокөлік заң бұзушылықты тоқтап тұрса да, жүрсе де тіркей береді, – деген Жезқазған полиция басқармасы басшысының орынбасары Аманжол Кәрімов жаңа үлгідегі автокөлік тәртіп сақшыларының жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, жемқорлық фактілерін болдырмайтынын да жеткізді.

Полиция қызметкерлерінің «ғажап көмекшісі» небәрі бес күннің ішінде қала жолдарында жылдамдықты асырған 200-ден аса жүргізушіні тіркеп үлгерген. Енді жүргізушілер Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 592-бабына сәйкес 5-30 АЕК аралығында айыппұл төлейді. Дегенмен, хат келген күннен бастап бір аптаның ішінде жүргізуші айыппұлды өтейтін болса, оған 50 пайыздық жеңілдік қарастырылған.

Елімізде төтенше жағдай режимі аяқталғалы бері тәртіп сақшылары көше жолдарындағы құқық бұзушылыққа тосқауыл қоюға мықтап кірісті. Олар былтыр орнатылған бейнебақылау камералары арқылы да заң бұзушылықтарды анықтауға кірісken. Күніне 20 хаттамаға дейін толтыратын олар жезқазғандық жүргізушілер әлі де қауіпсіздік белдігін тағуға мән бермейтінін, көлік тізгіндеп отырып телефонмен сөйлесуге, қызыл түске жүруге, жолдың қарсы бетіне шығуға «құмар» екенін айтады. Бейнебақылау камералары жол ережесін бұзған жаяу жүргіншілерді анықтауда да таптырмас көмекші болып отыр. Мамыр айының басынан бері жолды рұқсат етілмеген жерден кесіп өткен 23 тұрғын айыппұл төлеуге міндеттелген.

**Бота ШАЛҚАР**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## «ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ДЕ ҚАМТИДЫ

**Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің кеңейтілген отырысында «Дипломмен – ауылға!» жобасын мемлекеттік қызметшілерге қолдану, «А» корпусының кадр резервін жасақтаудан бас тарту және мемлекеттік қызмет саласындағы өзге де өзгерістерді қамтыған заң жобасы қаралды.**

Палатаның баспасөз қызметінен мәлім еткендей, сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қарады.

Құжаттың негізгі мақсаты мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады. Онда бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.

Қосымша баяндама жасаған сенатор Нұрлан Бекназаров заң жобасы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының және Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес әзірленгенін атап өтті. Ұсынылып отырған заң жобасы мемлекеттік қызметтің қазіргі заманғы қазақстандық моделі меритократия қағидаттарына негізделгені айтылды.

**Заң жобасына енгізілетін өзгерістер:**

– «Дипломмен – ауылға!» жобасын мемлекеттік қызметшілерге қолдану;

– «А» корпусының кадр резервін жасақтаудан бас тарту;

– барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері арасындағы конкурстық рәсімдерді 3 кезеңнен 2 кезеңдік іріктеуге оңтайландыру;

– мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды айқындау;

– сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жауапкершілігі қаралатын адамдарды басқа мемлекеттік лауазымға ауысуына байланысты жұмыстан шығаруға тыйым салуды енгізу;

– Мемлекет басшысының шешімі бойынша жекелеген саяси лауазымдарға біліктілік талаптарын белгілеу.

Заң жобасы қабылданғанда мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама одан әрі жетілдірілетін болады.

Құжаттар палатаның қарауына берілді.

## 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ ФОРМАТҚА КӨШЕДІ?

**ҚР Білім және ғылам министрі Асхат Аймағамбетов 1 қыркүйектен оқу жылы қандай форматта басталуы мүмкін екенін айтты.**

– Қашықтан оқыту уақыт талабы екенін түсінеміз. Бұл тақырып үйде білім алатын балаларға, сондай-ақ қыста ауылдық елді мекендерде жол ашылмағанда оқудан қалған балаларға қатысты. Осы орайда түрлі жағдай болып жатады. Сәйкесінше, бұл жағдайларда заманауи технологияларды көмегі тиіп, білім беру процесіне қолдау жасалады. Алайда бұл 1 қыркүйектен қашықтан оқуға көшіруді білдірмейді, – деді А. Аймағамбетов онлайн баспасөз мәслихатында.

Оның сөзіне қарағанда, педагогтар, министрлік, ата-аналар мен оқушылардың өздері дәстүрлі форматта оқыту тиімді әрі ыңғайлы екенін түсініп отыр.

– Білім беру процесі – ол тек ақпарат беру ғана емес. Бұл тұрғыда әлеуметтендіру, балалар арасында өзара іс-қимыл мен қарым-қатынас, тәрбиелік процесс секілді маңызды мәселе бар, – деді министр.

Бұдан бұрын 11-сынып түлектеріне аттестат 3-4 маусымда тапсырылатыны хабарланған болатын.

## ТУҒАН КҮН ТОЙЛАП КОРОНАВИРУС ЖҰҚТЫРДЫ

**Елорда маңында орналасқан Қосшы елді мекенінде соңғы күндері коронавирус жұқтырудың 15 жағдайы тіркелді. Бұл туралы ҚР мемлекеттік бас санитарлық дәрігері Айжан Есмағамбетова айтты.**

– Шынымен де, Қосшы елді мекенінде соңғы күндері 15 жағдай анықталды. Бұл 15 жағдай 2 ошақта тіркелген. Олардың барлығы да туыстар, олардың 8-і туған күнге барған және барлығы науқастанып қалды. Бұл – карантин шараларын сақтамау жұқтырып алу тәуекелін күрт арттыратындығын және отбасы ішінде бәріне жұғуы мүмкін екендігін білдіреді, – деді бүгін еліміздің бас санитарлық дәрігері Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте.

Сонымен қатар ол үйлердің және оларға кіреберістердің карантинге жабылуына қатысты сауалға жауап берді.

– Бастапқыда біздің бірде-бір нормативтік-құқықтық актімізде, оның ішінде бас санитарлық дәрігердің қаулыларында үйлерге кіреберістерді жабу қарастырылмаған еді. Әрине, жақын байланыста болғандардың, ықтимал байланыста болғандардың барлығы анықталады. Бұған қоса, бұл байланыста болғандардың барлығы үй карантинінде отырады. Бірақ, біз кіреберістерді жабу туралы ешқандай шара қабылдаған емеспіз, – деді Айжан Есмағамбетова.

## АУЛАЛАРҒА ЖАРЫҚ БАРАДЫ

***Жезқазған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, автомобиль жолдары және жолаушылар тасымалы бөлімінің басшысы Қуанышбек Сансызбаев «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында мысты өлкеде өзі жетекшілік ететін салаға қатысты атқарылатын жұмыстардың легімен таныстырды.***

Аталмыш мемлекеттік бағдарлама шеңберінде қалада тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына байланысты 28 жоба жүзеге асырылмақ. Олардың қатарында «Қазақстан» композициясы мен Ғарышкерлер көшесі 21А мекенжайы ауласын абаттандыру, Талап елдімекеніндегі саябаққа қоршау, қаладағы үш субұрқақты күрделі жөндеу өткізу жұмыстары да бар. Көпті алаңдатқан Жеңіс, 11 мекенжайында орналасқан апаттық үй де биыл осы бағдарлама бойынша бұзылатын болды. Талап, Кеңгір елдімекендеріндегі су құбырларына да жөндеу жұмыстары жүргізіледі. 7-8 ықшам аудандарындағы кәріз жүйелері де жөндеуден өткізілмек. Жалпы құны 9 999 999 теңгені құрайтын 30 қоқыс контейнері орнатылады.

– Қала тұрғындарын көптен алаңдатып жүрген мәселелердің бірі – көшелер мен аулаларды жарықтандыру. Осыған байланысты Алашахан даңғылына арнайы саябақтарды жарықтандыруға арналған 54 аспалы шам орнатылады. 1, 2, 4, 5, 6, ықшам аудандарына, Ғарышкерлер көшесінде орналасқан Жезқазған қалалық «Nur Otan» партиясы ғимараты мен «Байқоңыр» қонақүйі маңайы да жарықтанады. Қала маңындағы ауылдық елдімекендерге де жарық орнатылып, ескілері жаңартылады. Жезқазған – Қарағанды, Балқаш көшесіне апарар жолдағы № 3 жол айналымына, 91-айналымнан Сәтбаев қаласына шығар тасжолдарына да жарықшамдар орнатылады, – деді бөлім басшысы өз сөзінде.

Брифинг барысында «Сарыарқа» магистральды газ құбырының игілігін жезқазғандықтар қашан көре алатыны да сөз болды. 4 кезеңді құрайтын газ құбырының 1-кезеңі Талап, Пристанционный елдімекендері бойынша аяқталуға жақын. Аталған елдімекендер бойынша тартылған газ құбыры 85 пайызды құрап отыр. Аталған ауыл тұрғындары 1 шілдеден бастап көгілдір отын жағуға кіріседі. Одан әрі кезеңдер басталады. Жыл соңына дейін газ Геология елдімекеніне де жетуі әбден мүмкін. Ал Жезқазған аймағы түгел дерлік газ игілігін 2023 жылға дейін көреді деп жоспарлануда.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢАРАДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте.)*

– Мен үш ай жұмыс іздеп, таба алмадым. Содан кейін жұмыспен қамту орталығына хабарластым. Орталық жұмысқа тұруға көмектесті. Енді сылақшы-сырлаушы болып жұмыс істеймін, – дейді Сандуғаш Азнабаева.

Жезқазғанда қолжетімді көп қабатты тұрғын үйлер көбірек салына бастады. Биыл «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 158 пәтерлік төрт көпқабатты тұрғын үй пайдалануға беріледі. Тұрғын үйді әлеуметтік қорғалатын санаттар бойынша кезекте тұрғандар алады.

Аймақ басшысы жұмыс сапасы мен қарқынын қатаң бақылауға алуды тапсырды.

Сондай-ақ, Жеңіс Қасымбек 900 орындық жаңа мектепті аралап көрді. Қазіргі таңда мектеп ауласын абаттандыру, жиһаз, құрал-жабдықтар жеткізу жұмыстары қалып тұр. Мектеп 1 қыркүйекке қарай ашылмақ.

Сондай-ақ, облыс әкімі «ҚазТехФильтр», «Ютария ltd» және «Ulytaý Nan» ЖШС-не барып, өндірістік үдеріспен және кәсіпорындарды одан әрі дамыту жөніндегі жоспарлармен танысты. Компания басшыларымен кездесуде отандық тауар өндірушілерді қолдау мәселелері де талқыланды.

Осы сапар барысында белгілі болғандай, Жезқазған мен Сәтбаев қалаларын сапалы ауыз сумен қамтуға мүмкіндік беретін Есқұла су таратқышының құрылысы қолға алынбақ. Жұмыс бір ай ішінде басталады.

– Биылғы жылы бұл жобаны аяқтау керек. Қаржы жеткілікті. Сондықтан, созып алмай, тездетіңіздер, – деді Жеңіс Қасымбек республикалық «Қаз су шаруашылығы» АҚ бас директоры Алтай Елжасовқа.

– Біз Қазақстанда ауылдық елді мекендер мен моноқалаларды ауыз сумен қамтамасыз етумен айналысамыз. Жезқазған-Сәтбаев аймағы Есқұла кен орнынан су алады. Есқұла су таратқышын қайта құру жобасы үш кезеңнен тұрады. Оны жүзеге асыру екі қаланы сумен толық қамтамасыз етеді. Біздің алдымызда осы жылы жобаның барлық үш кезеңін аяқтау міндеті тұр, – деді Алтай Елжасов.

Естеріңізге сала кетейік, Есқұла су таратқышының құрылысы қаражаттың жетіспеуінен ұзақ уақытқа созылып кетті. Биыл Үкіметтің қолдауымен және «Қазақмыс» корпорациясының қатысуымен қаржы мәселесі шешілді. Жоба «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасына енгізілді.

Сонымен қатар, «Қожамсейіт кен орнын іске қосуды ескере отырып, Үйтас-Айдос су таратқышын қайта қалпына келтіру» жобасының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу жұмыстары басталды. Бұдан бөлек, Жезқазған қаласының тұрғындарына үздіксіз су беру үшін «Қазақмыс» корпорациясы Кеңгір су қоймасынан жалпы ұзындығы 1 шақырымдық резервтік суағар құрылысын жүргізуде.

Су мәселесін шешумен қатар, Жезқазған және Сәтбаев қалаларында жаңа кәріз-тазарту құрылыстарының дайындық жұмыстары басталды.

Жұмыс сапары барысында облыс басшысы Сәтбаевқа барып, қала маңындағы кенттерден қоныс аударушыларға арналған үйлердің құрылысымен танысты. Сондай-ақ, құрылысы 1990 жылы басталған 60 пәтерлік үйге де барды. Бүгінгі күні үй құрылысы аяқталды. Бұл үйдің жиһазбен жабдықталған 15 пәтерін «Қазақмыс» корпорациясы көпбалалы отбасылар санатына жататын қызметкерлері үшін сатып алды.

Сәтбаев қаласының әкімдігі тұрғын үй кезегінде тұрған көпбалалы отбасылар үшін бұл үйден 22 үш бөлмелі пәтер сатып алуды жоспарлап отыр.

Жеңіс Қасымбек, сондай-ақ, 320 орындық балабақшаның құрылыс алаңында болды. Оның құрылысы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында жүргізілуде. Қазіргі уақытта іргетас блоктарын, жабын плиталарын монтаждау, қабырғаларды қалау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Құрылысты осы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Сәтбаев қаласында Жол картасы аясында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, білім беру, құрылыс, денсаулық сақтау салалары бойынша 18 жоба жүзеге асырылуда. Үш балабақшада, төрт мектепте күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Аурухананы күрделі жөндеу жоспарланған. Жолдар қалыпқа келтіріле бастады. Барлық жобалар бойынша 800-ге жуық адам жұмыс орындарымен қамтылмақ.




АУДИТ

# АТҚАРЫЛМАҒАН ЖҰМЫСҚА АҚША ТӨЛЕГЕН

***газ құбырын тарту кезіндегі кемшіліктер туралы***

**«Жезқазған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жұмысына жүргізілген аудит қаржылық бұзушылықты анықтады.**

ҚР Қаржы министрлігінің ішкі мемлекеттік аудит комитеті органның ақпараттық жүйелеріндегі деректерді зерттей келе заң талаптарының бұзуылуы мүмкін төлемдердің тізімін жасап, Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне «Жезқазған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарыарқа» магистральды газ құбырының автоматты газ тарату стансасынан газ желілерін тарту жобасы бойынша жасалған төлемдерді тексеруді тапсырған.

Аталған тапсырмаға сәйкес департамент 2020 жылғы 3-18 ақпан аралығында қалалық әкімдіктің коммуналдық салаға жауапты бөлімі мен мердігер «Әлия-Сервис» ЖШС арасында жасалған 2019 жылғы 23 тамыздағы №1-036-19 шарты мен 2019 жылғы 28 қарашадағы №1 қосымша келісім бойынша атқарылған жұмыстарға жасалған төлемдердің заңдылығын тексерді. Тексеріс барысында жалпы сомасы 427 762,9 мың теңге болатын қаржылық бұзушылық анықталды.

Аудиторлар жауапты мекеме жоғарыда аталған соманы шарт талабы бойынша атқарылуы тиіс жұмысқа емес, мердігердің сатып алған құрылыс материалдары мен құралдарына төлегенін анықтаған. Ал, тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы мемлекеттік сатып алулар туралы шарт тауар сатып алуға емес, жобалық-сметалық құжатқа сәйкес, құрылыс материадары мен құралдарды пайдалана отырып құрылыс-монтаж жұмысын жүргізуге, яғни газ құбырын тарту үшін жасалған. Қазынадан бөлінген қаражат та соған сай төленуі керек болған. Алайда, тапсырыс беруші мердігердің іс жүзінде атқарған жұмысына емес, оның қоймасында жатқан құрылысқа қажет материалдары үшін қаржы аударған.




Аудит барысында сондай-ақ, осындай төлем жасау үшін «Жезқазған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып алулар туралы шарт пен қосымша келісімге де белгіленген тәртіпті бұза отырып өзгеріс енгізгені анықталды.

Тексеріс қорытындысы бойынша мемлекеттік мекемеге нормативтік-құқықтық актілердің талаптары түсіндіріліп, алдағы уақытта құрылыс-монтаж жұмыстары үшін төлемдерді мемлекеттік сатып алулар туралы шарт бойынша төлеу тапсырылды. Сонымен бірге, аудит нысанына анықталған кемшіліктерді жою, кінәлілердің жауапкершілігін қарастыру және сомасы 427 762,9 мың теңге болатын жұмысты қалпына келтіру жөнінде нұсқама берілді.

«Жезқазған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің тексеріс нәтижесінде анықталған кемшіліктерді жою жөнінде ішкі мемлекеттік аудит департаментіне жолдаған жауабында мердігер тарапынан сомасы 168 645,1 мың теңгенің жұмысы атқарылғаны, қалған 241 117,8 мың теңгенің жұмысы үш ай ішінде, яғни 2020 жылғы маусым айының соңына дейін атқарылатыны айтылған.

**Дархан МҰХАН**

# «КЕДЕРГІСІЗ ОРТАМЕН» ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасында «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңының 25 - бабының 3 тармағына сай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар мүгедектерге ортақ пайдаланылатын көлік құралдарына, тұрғын үйлерге, қоғамдық және өндірістік үйлерге, ғимараттар мен үй-жайларға кедергісіз кіріп-шығуына, әуежайларда, теміржол вокзалдарында, теңіз және өзен порттарында еркін бағдар ұстануы мен жүріп-тұруына ұлттық стандарттарға сәйкес жағдай жасауға міндетті.

2019 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен Қазақстан Республикасында 2025 жылға дейін мүгедектігі бар жандардың құқығын қамтамасыз ету және өмірлерінің сапасын арттыру бойынша Ұлттық жоспар бекітілген. Мұнда жергілікті атқарушы органдардың тұрақты түрде «Қолжетімділіктің интерактивті картасы» ақпараттық порталының ақпаратын толықтыру мен өзектілігіне мониторинг жасау сұрақтары қарастырылған.

«Қолжетімділіктің интерактивті картасы» арқылы мүгедектігі бар жандарға әлдебір нысандардың қолжетімділік дәрежесін көруге болады. Осы порталдың ақпараттары негізінде мүгедектігі бар адамдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін әлдебір нысанға профилактикалық бақылауларды жүргізуге болады.

ҚР ережелер жинағында «Ғимараттар мен имараттардың халықтын қимылы шектеулі топтары үшін қолжетімділіктің есебімен жобалау» (ҚР ЕЖ 3.06-101-2012) және Құрылыс Нормаларында «Ғимараттар мен имараттардың қимылы шектеулі топтар үшін қолжетімділігі» (ҚР ҚН 3.06-01-2011) барлық талаптарын ескере отырып, халықтың қимылы шектеулі санаты үшін нысандар толығымен қолжетімді болуы қажет.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мүгедектерді әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қызметтер саласында арнайы көмектер көрсету аумағында Қазақстан Республикасының заңнамаларының және құқықтық-нормативтік актілерінің талаптарының орындалуына мемлекеттік бақылау жасайды.

Профилактикалық бақылаулар және жоспардан тыс тексерістер мүгедектер мен халықтың қимылы шектеулі санаттары үшін қолжетімділікті қамтамасыз етудегі жоғарыда көрсетілген ҚР ЕЖ талаптарына сәйкес келуі тиіс тексеріс парағына сәйкес жүргізіледі.

1. Кіріс топтары: сыртқы баспалдақ, пандус, кіру алаңы, кіру және ішкі есіктері, есік табалдырығы, баспалдақтар;

2. Қызмет көрсету аймақтары: гардероб, тіркеу орны, анықтама бұрышы, касса және басқа да қызмет көрсету орындары;

3.Санитариялық-тұрмыстық орын-жайлар: универсалды кабинасы бар дәретхана, қолжуғыш, ванна бөлмесі, душ бөлмесі, унитаз, раковина, жедел жәрдем түймешегі, есік тұтқалары;

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

4. Объектіде Бұқаралық ақпарат құралдары және телекоммуникация: ақпараттың тактильдік құралдары, белгілер мен символдар, дабыл сигналдары, лифтілердегі хабарлағыштар;

5. Объектінің аумағы: жерасты көлік қоятын орын, такси және автобус аялдамалары, әкімшілік ғимарат, вокзал, сауда орталықтары;

6. Жол қозғалысы: жолдар, тротуарлар, сыртқы баспалдақ, тиісті стандарттан жоғары табалдырық, ішкі пандустар.

Жоғарыда көрсетілген талаптарды орындамаған кезде Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінде мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңды бұзғаны үшін жауапкершілік нормасы лауазымды адамдарға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға- бір жүз жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу қарастырылған (ҚР Кодексі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 83.б) .

**Қарағанды облысы бойынша әлеуметтік қорғау және бақылау жөніндегі департаменті**



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫ

# СПОРТ НЫСАНДАРЫ ДА СЫРТ ҚАЛМАЙДЫ

**«Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ағымдағы жөндеу жұмыстары Жезқазған қаласының мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер мектебіне қарасты спорт нысандарында да жүргізілмек.**



Атап айтсақ, «Ұлытау» спорт кешенінің төбесі ауыстырылып, барлық стандаттарға сәйкес пандус орнатылады, сонымен қатар «Металлург» стадионындағы футбол алаңы мен жүгіру жолағы жаңартылады.

«Ұлытау» спорт сарайының шатырын мердігер «А.Ж.А.Р. – 4» ЖШС жұмыскерлері мен жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген 2 жезқазғандық жөндейді. Жобаның құны – 8538,0 мың теңге. Жөндеу жұмыстарын аяқтау шілденің басына белгіленген. Ал, пандустың құны – 2700,0 мың теңге. Мердігер «ЭкоСтрой 2015» ЖШС жобаны маусым айының аяғында соңында тапсырады. Пандустың құрылысына барлығы үш жұмыскер, оның ішінде бір жұмысыз тұрғын жұмылдырылған. Стадиондағы футбол алаңы мен жүгіру жолағын жөндеу жұмыстары 69115,1 мың теңгеге бағаланған. Жобаны іске асыруға «EVER» ЖШС жауапты. Бұл іске барлығы 18 жұмыскер тартылған. Оның тоғызы жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа алынды. Олар ағымдағы жөндеу жұмыстарын қыркүйек айында толық аяқтайды деп күтілуде.

# КӨШЕЛЕРДІҢ КӨРКІ КІРМЕК

***«Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында 58 үйдің қасбеті жаңарады***

**Газетіміздің өткен санында хабарлағанымыздай «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Жезқазған қаласында 39 жоба жүзеге асырылмақ. Солардың ішінде көп қабатты тұрғын үйлердің қасбеті мен шатырын жөндеу де бар. Бұл жаңалық жезқазғандықтарды елең еткізбей қоймады. Өйткені, әркімнің-ақ көкейінде «біздің үйдің өңі кіріп қалар деген» деген үміт пайда болды. Жасыратыны жоқ, қаладағы тұрғын үйлердің басым көпшілігі 1950 жылдан бері қарай салынған.**




Жезқазған қаласы тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Алиса Сағымбаеваның айтуынша, биыл қолға алынған «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында тозығы жеткен бұл үйлер де біршама жаңаратын болады.

Жезқазған қаласында бұрын-соңды бюджет қаражаты есебінен тұрғын үйлерді жөндеу қарастырылмағанын айта кеткен жөн. 2020 жылы алғаш рет қолға алынған жобаға 320 млн теңге бөлінген. Осы қаржыға 58 көп қабатты тұрғын үйдің қасбеті бірдей түске боялып, бірыңғай сәулеттік келбетке ие болады және шатырлары ағымдағы жөндеуден өтеді, – деген ол орталық көшелерге басымдық берілгенін жеткізді. Осылайша, жыл соңына дейін Сәтбаев, Қаражар (бұрынғы Балхаш), Холмецкий көшелері мен Мир даңғылындағы тұрғын үйлер жаңарып қалмақ, – дейді ол.



Жөндеу жұмыстарын жүргізетін мердігер әлі анықталмады. Дегенмен, мердігер компания жұмыссыз деп танылған 40 жезқазғандықты жұмысқа алуға міндетті. «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасының талабы да осы. Екі қолға бір күрек таппай жүрген азаматтарын жұмысқа тарту арқылы еліміздегі әлеуметтік-мәдени және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін, инженерлік-көлік инфрақұрылымын күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізіп, елді - мекендерді абаттандырады.

Естеріңізге сала кетсек, «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында қабылданған.

Өз жұмысын ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына сәйкес ұйымдастыратын тұрғын-үй инспекциясы бөлімі басшысының айтуынша, алдағы жылдарда да қазына қаржысы есебінен тұрғын үй қорын сақтауға көңіл бөлінбек. Биылғы жөндеу жұмыстары соның бастамасы ғана деп отыр.

**Бота ШАЛҚАР**

# ЖАҢА КЕШЕННІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

***нысан келер жылы пайдалануға беріледі***

**Соңғы аптада әлеуметтік желіде қызу талқыға түскен Кеңгір жағалауында бой көтеретін спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысы 2011 жылы бекітілген Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019 – 2022 жылдарға арналған кешенді жоспарына және Қарағанды облысы мәслихатының 2015 жылдың 11 желтоқсандағы XI сессиясының шешімімен бекітілген Жезқазған қаласының бас жоспарына сәйкес басталды. «Құрылыс орны дұрыс таңдалмады» деп дабыл қаққан азаматтарға Жезқазған қаласы құрылыс бөлімінің басшысы Мәруа КЕЛМАҒАНБЕТОВА жауап берді.**






– Өздеріңізге белгілі 320 орынға арналған спорттық-сауықтыру кешенін салу кеше немесе бүгін қабылданған жоба емес. Сондықтан, құрылысты жобалау барлық заң талаптарына сәйкес жүргізілгенін ескерген жөн. Олай болмаған жағдайда мемлекеттік сарапатама құрылыстың жүргізілуіне оң қорытындысын бермейді. «Халық бізбен ақылдаспады» деп жатыр. Олар құрылыстың қоршаған ортаға әсерін бақылау бойынша 2018 жылдың 27 қарашасында өткізілген қоғамдық тыңдауға келген болса, өз ұсыныстарын білдіріп, алаңдатқан сауалдарына жауап алар еді, – деген Мәруа Көңілбайқызы спорт кешенінің құрылысы екі жылға жоспарланғанын алға тартты.

Жобаның жалпы құны – 1 млрд. 719 млн теңге. Биылға бөлінген қаражат көлемі 1,1 млрд теңгені құрап отыр. Оның 500 млн-ы республикалық, 300 млн-ы облыстық және 300 млн-ы қалалық бюджеттен қарастырылған. 2019 жылы құрылысты бастауға облыстық бюджеттен 100 миллион теңге бөлінді. Сот процестеріне байланысты қаражат 2020 жылға шегертіліп, екінші қайтара конкурстық процедуралар жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша «Орион LTD» ЖШС жеңімпаз атанды. Мердігер 1млрд. 638,6 млн теңгеге спорт кешенін салып беруді өзіне міндеттеп отыр. Келісім шарт жасалып, міндеттемелер қабылданған соң олар 18 мамырдан дайындық жұмыстарына кірісті. Құрылысқа 63 жұмыссыз жезқазғандық жұмылдырылады.

Жобаға сәйкес дене шынықтыру – сауықтыру кешеніне арналып ауданы 1,5683 га болатын жер телімі бөлінді. Құрылыс ауданы – 3571,12 шаршы метрді құрамақ. Ғимараттың ауданы – 34 512,5 м³. Алаң жабындары – 6764 шаршы метр. Өзге аумақтың көлемі 377 шаршы метр болса, көгалдандырылатын аумақ – 1866,88 шаршы метр. Дене шынықтыру-сауықтыру кешені үш функционалдық аймаққа бөлінеді. Олар: әмбебап ойын залдары (волейбол, баскетбол мен гандбол; шахмат, дойбы мен тоғызқұмалақ), вестибюль, фойе және әкімшілік-тұрмыстық үй-жайларды біріктіретін функционалдық аймақ, сондай-ақ, 4-жолақты бассейні, күрес пен хореография залдары және 40 адамдық тренажер залы бар функционалдық аймақ. Айта кету керек, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың да спортпен шұғылдануына мұнда бар жағдай жасалынбақ.

2021 жылдың қыркүйек-қазан айында пайдалануға берілетін спорттық-сауықтыру кешені бұқаралық спортты дамытуға және қалада спортпен жүйелі айналысатын тұрғындардың санын арттыруға, сонымен қатар, жастардың мәдени демалысына мүмкіндік береді деп күтілуде. Сондай-ақ, өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау мен кең тараған жүйке, жүрек-қан тамырлары, тыныс алу жүйелері мен тірек-қозғалыс аппаратының ауруларын алдын алуға зор септігін тигізбек.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ЖАС ТҮЛЕК – 2020

# БИЫЛ ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

**Ұлттық бірыңғай тестілеудің биылғы өту тәртібін толығырақ білу мақсатында Жезқазған аймағы бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия төрағасы, Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің ректоры, т.ғ.д., профессор Әбділмәлік ТӘКІШЕВ мырзамен сұхбаттасқан болатынбыз.**



**– Әбділмәлік Арғынұлы, биыл республика бойынша ТЖ енгізілуіне және карантинге байланысты ҰБТ жүйесінде өзгерістер енгізілді ме?**

– Биыл да жылдағыдай уақытта ҰБТ-ны өткізу жоспарлануда. Әрине, коронавирус дертіне байланысты барынша сақтық шаралары қатаң жүргізілетін болады. Біз үшін басты орында – балалардың денсаулығы. Биылғы ҰБТ-ға сәл-пәл өзгерістер енгізілді. Яғни, жас түлектерге қойылар тәртіп күшейді. Тестілеуге ниетті 11-сынып оқушылары төмендегідей құжаттарды жинауға міндетті:

– Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ талапкерлер, ағымдағы жылғы мектепті шетелде бітірген түлектер мектепті бітіргені туралы құжаттардың орнына өзі оқитын орта білім беру ұйымынан мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасымен еркін нысанда анықтама ұсынады.

– 086-У нысандағы медициналық анықтама бекітілген электрондық форматқа ауыстырылды;

– ҰБТ-ның қағаз сертификаты электронды сертификатпен ауыстырылды;

– Тестілеуге кіргізу барысында түсушінің тыйым салынған затпен анықталған түсуші сол тестілеуге жіберілмейді және ағымдағы жылы ҰБТ тапсыру мүмкіндігінен айырылады;

– Тестілеу барысында аудиторияда тыйым салынған затпен анықталған тестілеушінің нәтижесі жойылады және ағымдағы жылы ҰБТ тапсыру мүмкіндігінен айырылады;

– Тестілеуге өз орнына «бөтен тұлғаны» кіргізуге талпынған және кіргізген түсушілерге ағымдағы жылы ҰБТ тапсыруға рұқсат етілмейді;

– ҰБТ аяқталғаннан кейін күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін бейнебақылау жазбаларына талдау жүргізіледі. Түсуші тыйым салынған заттарды пайдаланғаны анықталған жағдайда, оның ҰБТ мен білім беру грантын тағайындау конкурсының нәтижелері жойылады.

Елімізде ТЖ режимінің енгізілуіне байланысты, қоғамдық шоғырлану орындарына бару қажеттілігін болдырмау үшін 2020 жылғы 15 сәуірден 10 мамырға дейін орта білім беру ұйымдарының, колледждердің, өткен жылдардың түлектері және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалары, шетелде білім беру ұйымдарын бітірген тұлғалар ҰБТ-ға қатысу үшін өтініштерді қабылдау **20 сәуірден 10 мамырға** дейін Ұлттық тестілеу орталығының **WWW.TESTCENTER.KZ** сайтында онлайн форматта жүргізілді.

**– Ағымдағы жылы тестілеу қандай форматта өтеді?**

– Ұлттық тестілеу орталығының ресми дерек көздері бойынша (сайт www.testcenter.kz) маусым айында нәтижелері бойынша білім беру гранттары тағайындалатын Ұлттық бірыңғай тестілеу қағаз форматында өтеді. ҰБТ электронды форматта тапсыруға көшу 2021 жылға жоспарлануда. Егер ҰБТ-ны өткізу бойынша нормативтік-құқықтық актілерде, санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, тестілеуге жіберу және отырғызу мәселелері бойынша қандай да бір өзгерістер болса, онда бұл туралы Ұлттық тестілеу орталығының ресми көздерімен хабарланатын болады.

**– Бітірушілердің ОЖСБ (оқу жетістіктерін сырттай бағалау) жүйесінде не өзгерді?**

– 2019 жылдан бастап ЖЖОКБҰ (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары) түлектері ОЖСБ-ға қатыспайды. 2019 жылдан бастап жоғары білім беру ұйымдарында ОЖСБ күндізгі оқу бөлімінде оқитын үшінші курс студенттері үшін өткізіледі. Жоғары білім беру ұйымдарында ОЖСБ өткізу үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің типтік оқу бағдарламалары бойынша тест тапсырмалары пайдаланылады.

ОЖСБ жалпы білім беретін төрт пән бойынша өткізіледі:

– Қазақстанның қазіргі тарихы;

– Философия;

– Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде);

– Шет тілі (ағылшын, неміс, француз);

**– 2020 жылы ҰБТ тапсыру кімге рұқсат етіледі?**

– ҰБТ-ны тапсыру ЖОО-ға ақылы негізде оқуға қабылдау үшін орта білім беру ұйымдарының бітіруші 11 (12) сынып оқушыларына; республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу немесе ЖОО-ға ақылы негізде оқуға қабылдау үшін орта білім беру ұйымдарының ағымдағы жылғы бітірушілеріне; республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу немесе ЖОО-ға ақылы негізде оқуға қабылдау үшін орта білім беру ұйымдарының өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілеріне; республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін жоғары білімнің қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілеріне; республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу немесе ЖОО-ға ақылы негізде оқуға қабылдау үшін халықаралық алмасу желісі бойынша шетелде білім алған орта білім беру ұйымдарының бітірушілері мен шетелде білім алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдарға; ЖОО-ға ақылы негізде қабылдау үшін жоғары оқу орнының бірінші академиялық кезеңі аяқталғанға дейін күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданған адамдарға; ЖОО-ның шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарында оқитын және басқа білім беру бағдарламалары топтарына ауысқысы келетін білім алушыларына рұхсат етілген.

**– ҰБТ қатысушыларына қойылатын талаптар қандай? Тестілеу кезінде не істеуге болады, нелерге қатаң тыйым салынады?**

– Жоғарыда атап өткенімдей биыл ҰБТ тапсырушыларға қойлар талаптар тіптен күшейтілді. Егер металл іздегіш өту барысында тыйым салынғын заттар – смартфондар, қарапайым телефондар, гаджеттер, қағаз жазбалар және т. б. табылған жағдайда, тестіленушілер тестілеуге жіберілмейді. 2020 жылдың маусым айында өткізілетін ҰБТ барысын Digital Agent қосымшасы арқылы кез-келген адам online көре алады. Сонымен қатар, ҰБТ – ны өткізу Ережелерін бұзу фактілерін байқаған кез – келген адам фото/видео жазбаларды Digital Agent көмегімен тікелей жібере алады. ҰБТ өткізу барысын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Агенттігінің арнайы мониторингтік тобы (АМТ) және қоғам бақылау жүргізеді.

**ҰБТ-ны өткізу барысында түсушіге рұқсат етілмейтін себептерді атап өтейін. Бұлар:**

– Аудиториядан дәліз кезекшісінің міндетін атқаратын Министрлік өкілінің, рұқсатынсыз және алып жүруінсіз шығуға;

– Бір-бірімен сөйлесуге;

– Орын ауыстыруға;

– Тестілеу материалдарымен алмасуға;

– Тестілеу материалдарын аудиториядан шығаруға;

– Қағаз жазбалар, оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттер, калькулятор, фотоаппарат, ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), iPhone (Айфон), SmartPhone (Смартфон)), ноутбуктер, плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер);

– Радио-электрондық байланыстың (Wi-Fi (Вай-фай), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), сымды және сымсыз құлаққаптар және басқалары) кез-келген түрлерін аудиторияға кіргізуге және қолдануға;

– Тестілеу материалдарын (жауап парағы мен кітапшалар) умаждау, корректор сұйықтығын қолдану, беттерді жырту, бояуға қарастырылмаған секторларды бояу (жауап парағының нөмірі) арқылы бүлдіруге.

Түсуші жоғарыда көрсетілген қағидаларды бұзған жағдайда, Министрлік өкілі осы Аудиторияда тыйым салынған заттың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған түсушіні аудиториядан шығару туралы акт жасалады.

Тестілеу өткізу барысында рұқсаттама мен рұқсаттама түбіртегін қайта салыстыру кезінде бөгде тұлға анықталған жағдайда, министрлік өкілі тестілеу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акт жасайды.

ҰБТ-ға берілген уақыт аяқталғанда түсуші тестілеу материалдарын өңдеу үшін тапсырудан бас тартқан жағдайда, Министрлік өкілі Тестілеуге берілген уақыт аяқталған кезде түсушінің тестілеу материалдарын уақытында тапсырмау фактісі туралы акт жасайды.

Жоғарыда көрсетілген тұлғалардың тестілеу нәтижелері өңделмейді және жойылады.

**– Өтінімдерді беру мерзімі және өтініштерді қабылдау мерзімі қандай?**

– ҰБТ-ға қатысу үшін өтініштерді қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының www.testcenter.kz сайтында онлайн-форматта жүргізіледі.

– Ағымдағы жылдың орта білім беру ұйымдарының түлектері үшін 15 сәуірі мен 10 мамыры аралығында;

– Колледж түлектері, өткен жылдардың түлектері және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, шетелде білім беру ұйымдарын бітірген тұлғалар үшін 2020 жылғы 20 сәуірден 10 мамыр аралығында.

**– ҰБТ өтетін нақты күндерді атап өтсеңіз.**

-ҰБТ жылына төрт рет өткізіледі:

– 15-20 қаңтар аралығында жоғары оқу орнына ақылы негізде қабылдау үшін орта білім беру ұйымдарының 11-сынып бітірушілері үшін қалауы бойынша;

– 24-29 наурыз аралығында жоғары оқу орнына ақылы негізде қабылдау үшін орта білім беру ұйымдарының 11-сынып бітірушілері үшін қалауы бойынша;

–20 маусымнан 5 шілдеге дейін республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін немесе ақылы негізде ЖОО-ға қабылдау үшін;

– 17-20 тамыз аралығында ақылы негізде жоғары оқу орнына қабылдау үшін қалауы бойынша.

**– Ал ерекше қажеттіліктері бар адамдар санатына жататын (мүмкіндігі шектеулі) балалар не істейді? Мұндай санатына жататын балаларға ҰБТ қалай тапсыруға болады?**

ҰБТ - ға қатысу үшін мүгедек балалар және мүгедектер (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) мүгедектікті белгілеу туралы құжатты ұсынған кезде мемлекеттік комиссия төрағасының атына:

1) жеке аудиторияның;

2) көру, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедек балалар және мүгедектер үшін ҰБТ шеңберінде тапсырылатын пәндердің мұғалімі болып табылмайтын көмекші және (немесе) көру функциялары бұзылған мүгедек балалар және мүгедектер үшін ымдау тілін білетін маманның қажеттілігі туралы еркін нысандағы қосымша өтініш бере алады.

**– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге алғыс айтамыз.**

**Сұхбаттасқан Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

21 МАМЫР – МӘДЕНИЕТ және ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

# «РУХАНИЯТТЫ ҚОЛДАУ – КЕЛЕШЕКТІ ОЙЛАУ»



**Елдің рухани дамуы мен кемелденуі жолында мәдениет саласының алар орны мен атқарар рөлі зор екеніне ешкім шүбә келтіре қоймас. Алайда, «Біткен іске сыншы көп» деген халық даналығы осы салаға қаратылып айтылғандай. Неге десеңіз, дәл осы сала ұдайы орында да, әрі орынсыз да сынға ұшырып жатады. Сонда да сағы сынбай, бойын тіктеп бізге рухани байлық сыйлап, өмірімізді әуезді әуенге, ырғақты би мен күмбірлеген күйге толтыруды басты міндеті санайтын театр, кітапхана мен филармония қызметкерлерінің еңбегі жоғары бағаға лайық. Қалай дегенде де, қазақылығы бұзылмаған біздің қаланың мәдени саласы бүгінде облыстың алды, руханияттың үлгісі болып отыр. Бұл сөзімізге жезқазғандық сахна тарландарының облыстық, республикалық қана емес сонымен қатар халықаралық дәрежедегі байқаулардан жүлдесіз оралмайтыны дәлел бола керек. Осындай зор табыстар мен оң нәтижелерге толы қала мәдениетінің бүгінгі даму деңгейі қандай, кейбір салалардағы кемшіліктерді қалай дұрыстауға болады? Міне, осындай сауалдарға жауап алу үшін біз Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Салтанат НҰРЛЫБАЕВАНЫҢ есігін қақтық.**

***– Салтанат Сүлейменқызы, кәсіби мерекеңіз құтты болсын! Өткенге көз жүгіртіп, 2019 жыл қала мәдениеті үшін қандай ерекшеліктерімен есте қалғанын айта отырсаңыз.***

– 2019 жыл қала мәдениеті үшін ерекше жыл болды деп айта аламын. Тарихы тереңге бойлаған мысты өңірдің торқалы тойы кең көлемде аталып өтті. Қаланың 65 жылдық мерейтойы аясында түрлі шаралар бастау алды. Алаш алаңында мерейтойға арналған театрландырылған көрініс, Қазақ эстрада жұлдыздарының қатысуымен гала концерт ұйымдастырылды. Жезқазған қаласының қалыптасуы мен дамуына айрықша үлес қосқан бір топ жерлестерімізге «Жезқазған қаласына 65 жыл» мерекелік медалі табыс етілді. Арнайы шақырылған Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының концерті қала жұртшылығына мерекелік сый болды. Шаралар легі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты Ж.Хаджиевтің туғанына 70 жыл толуына орай Ж.Хаджиев атындағы III Халықаралық театр және «Ұлы Дала мұрасы» атты халықаралық музейлер фестивальдерімен, Кетбұқа би атындағы «Ақсақ құлан» халықаралық күйшілер конкурсымен, Жақсыкелді Сейілов атындағы республикалық ән байқауымен жалғасты. Мысты өлкеде алғашқы рет «Ардагерлер ән салады» атты соғыс және еңбек ардагерлері хор ұжымдарының XXIX облыстық фестивалі өткені де жезқазғандықтардың жадында.

Өткен жыл мәдениет және өнер қызметкерлері үшін де жеңіске толы кезең болғанын айтып кетпеске болмас. Атап айтсақ, Қарағанды облысы әкімінің дәстүрлі «Алтын қобыз» сыйлығының «Жыл әртісі» номинациясын С.Қожамқұлов атындағы театрдың актері Ардақ Жарқынбеков еншіледі, Т.Қалмағанбетов атындағы филармонияның 45 жылдық мерейтойына орай «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен Т.Қалмағанбетов атындағы филармония әншілері Лэйла Бекбалаева, Қайрат Әбсеуов және театрдың қуыршақ труппасының актрисасы Гүлнұр Асылбекова иеленді. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен салалық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлерінің Кәсіптік одағының «Еңбек даңқы» төсбелгісімен театрдың актрисалары Сәбира Бегайдарова, Зилиха Абдрасилова, реквизиторы Гүлнар Қабылова, гримдеушісі Самал Аристамбекова, музыка бөлімінің меңгерушісі Үмітай Абдулаева марапатталды. «Сахнагер – 2019» сыйлығының «Үміт» номинациясын театрдың әртісі Нұржан Бейісбеков иеленді. Жезқазған қаласы әкімінің дәстүрлі «Үкілі қобыз» сыйлығы Жезқазған қаласының мәдениеті мен өнерін дамытуға үлес қосқан, үздік деп танылған 10 қызметкерге табыс етілді.

***– Біздегі мәдениет ошақтарының хал-ахуалы қалай? Сахналық киіммен, музыкалық құрал- жабдықтарымен толықтай қамтамасыз етілген бе?***

– Жезқазған қаласының мәдениет саласының инфрақұрылымы 22 нысанды құрайды. С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театры, Т.Қалмағамбетов атындағы филармония, тарихи-археологиялық мұражай, 11 кітапхана және 7 мәдениет-сауық мекемесі халыққа рухани-мәдени қызмет көрсетеді. Әр түрлі жанрдағы 30-ға тарта шығармашылық ұжым: хор, би, эстрада, вокал ансамбльдері бірлесіп жұмыс істейді. Былтырғы жылы вокал тобына, көркемөнерпаздар ұжымдарына сахналық костюмдер тігілді, мәдениет үйінің үлкен залына сахна киімдері алынды. Жезқазғанның құрылуы мен дамуына қолтаңбасы қалған еңбек ардагерлерін қолдау мақсатында Халықтар достығы мен мәдениеті Үйінде «Асыл қазына» белсенді өмір сүру орталығы ашылды. Орталықта қарияларға компьютерлік сауаттылықты арттыруға, қолөнермен айналысуға, газет-журнал, кітап оқып, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, домино ойындарын ойнауға мүмкіндік жасалған. Жергілікті бюджеттен 4 млн теңге қаржы бөлінді. Бұл орталық «Жезқазған маржандары» ардагерлер хоры, «Любисток» украин-белорус халықтық ансамблі, «Ақ әжелер» ансамблі қатысушыларының сүйікті орнына айналды.

Мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық жағдайы жылдан-жылға жақсарып келеді. Әр жылдары Халықтар достығы мен мәдениет үйіне көпшілік іс-шараларды жоғары дәрежеде өткізу мақсатында кәсіби сахна, кәсіби дыбыстандыру аппаратурасы, сурет және іске LED-экрандар алынды. 2019 жылы хореографиялық қойылымдар үшін 100 сахналық киім тіктірілді.

С.Сейфуллин атындағы кітапханада Коворкинг орталығы ашылды. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 5 млн 300 мың теңге қаржы бөлінді. Орталық жұмыс жасауға қажетті барлық ыңғайлы жиһаздармен жабдықталып, онда бірлескен және жеке жұмыстарға арналған алаңдар, ақысыз wi-fi, жедел интернет, skype арқылы сұхбаттасу, принтерлер, сканерлер бар. Орталықта қала жастары жиналып, әр түрлі форматта кездесулер өткізіп жүр. Жалпы, мәдениет ошақтарына деген қамқорлық қала, облыс әкімдігі тарапынан жылдан жылға ұлғайып жатыр.

***– Ауылдық мәдениет үйлері назардан тыс қалып жатқан жоқ па?***

– Жезқазғанның өзге қалалардан ерекшелігі сол – оның аумақтық құрамында ауылдар бар. Сондықтан, ауылдарда мәдениет ошақтарының болуы әрине заңдылық. Бүгінде Кеңгір, Талап, Малшыбай, Теректі, Қорғанбай елді - мекендерінде ауыл клубтары мен кітапхана-филиалдары тұрғындар игілігі үшін жұмыс істеп тұр. Қала деңгейінде «Ауыл мәдениетін дамыту – 2018-2023» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында жұмыс жоспары бекітілді. Осы жоспар аясында 2018 жылы Талап ауылдық клубына қала бюджетінен 7 млн 302 мың теңге көлемінде қаржы бөлініп, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, клуб қолданысқа берілді. 2019 жылы Малшыбай селосында клуб ашылып, оның есік-терезелері, едені ауыстырылды, толығымен жылыту жүйесі мен электр желісі жаңартылды. Бұл жұмыстарға қалалық бюджеттен 16 млн 604 мың теңге жұмсалды. Олардың материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында жиһаздар, домбыра аспаптары, сахна киімі, дыбыстандыру аппаратурасы алынды.

Тағы бір ауыз толтырып айтатын жаңалығымыз биыл 2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамтудың жол картасына сәйкес Теректі стансасындағы ауылдық клубқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі: шатыры, жылу, электр жүйелері, есік, терезе, едені толығымен ауыстырылады. Құрылыс мерзімі маусым айынан бастау алып, тамыз айында аяқталады. Күрделі жөндеу жұмыстарына республикалық бюджеттен 33 млн 427 мың теңге бөлінді. Жұмыспен қамту орталығынан 6 жұмыскер жұмыспен қамтамасыз етіледі.

Ауыл клубтарының барлығы музыкалық дыбыстандыру техникасымен, домбыра аспаптарымен толықтай қамтылған.

***– Бізде мәдениет қызметкерлерін, жас таланттарды қолдау шаралары жолға қойылған ба?***

– Әрине, мәдениет және өнер қызметкерлерін қолдау – біздің басты міндетіміз. Руханиятты қолдау – келешекті ойлау. Жастардың шығармашылығын дамыту мақсатында әр түрлі байқаулар дәстүрлі түрде жас ерекшелігіне қарай өткізіледі. Мысалы, «Күміс қоңырау» байқауы, «Әнші балапан» балалар байқауы мен өнерлі жастардың басын қосатын «Жұлдыз – 2019» аймақтық эстрадалық ән байқауы мен жас ақындардың жыр мүшәйрасын ұйымдастыру игі дәстүрге айналған. Былтырдың өзінде жезқазғандық көркемөнерпаздар мен ұжымдары, талантты шығармашыл жастар 20-дан астам облыстық, республикалық және халықаралық фестиваль, конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Оған қала бюджетінен 2 млн теңге бөлінді.

Мәдениет саласы қызметкерлерін, оның ішінде жас мамандарды қолдаун «Дипломмен-ауылға» мемлекеттік бағдарламасы аясында да жүзеге асырылады. Өткен жылы Кеңгір ауыл клубының домбыра үйірмесінің жетекшісі Асқар Дәулет жұмысқа қабылданып, мемлекет тарапынан көтермеақы алып, үйлі болды. Алдағы уақытта да мемлекеттік бағдарлама шеңберінде қолдау шаралары өз жалғасын табатын болады.

***– Мысты өлкеде айтыс өнерінің кенже қалып жатқаны көпшілікті алаңдататынын білесіз. Бұл бағытта қандай жоспарларыңыз бар ?***

– Халықтың пікір-ұсынысын ескере отырып, 2020 жылы «Ұлытау үні» фестивалінің 30-жылдығы аясында Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған республикалық айтыс өткізу жоспарланды. Қолдау тауып, қалалық бюджеттен 10 млн теңге қаржы бөлінді. Конкурстық шаралары өткізіліп, жеңімпазы анықталып, өткізуге дайындық жұмыстары жүріп жатқан кезде, өздеріңізге белгілі, пандемияға байланысты төтенше жағдай режимі жарияланды. Сол себептен айтысты келесі жылға шегердік.

***– 2020 жыл – мерейлі даталар жылы. Осы ретте қала жұртшылығын немен таң қалдырмақсыздар?***

– Жыл басынан әр мерейтойға арналып, көптеген іс-шаралар жоспарланған болатын. Белгілі жағдайларға байланысты жоспарымызға көптеген өзгерістер енгізуге тура келіп отыр. Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойына орай Жошы хан мавзолейі жанында тарихи-мәдени кешен салынады. Сол кешенде «Жошы хан» ескерткіші де қойылады. Бөлімнің тарапынан Жошы ханға орнатылатын ескерткіштің республикалық газеттерде ашық конкурсы жарияланды, конкурсқа 6 автор қатысып, үздік жоба анықталды. Қазіргі таңда ескерткіш дайындалуда. Ұлы ақын Абайдың 175 жылдығына орай іс-шаралар легі қыркүйек айында жоспарланып отыр, оның ішінде, Абай көшесі мерекесі, Абай өлеңдеріне жасалған көрме, мәнерлеп оқу сайысы т.б. Әбу-Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу жоспарланып отыр.

***– Мереке қарсаңында жыл сайын мәдениет және өнер қызметкерлерінің еңбегі еленіп, марапатталып жататын еді. Карантинге байланысты өнер иелері ұмыт қалмады ма?***

– Қуаныштысы сол – әріптестерімнің еңбегі биыл да лайықты бағасын алды. Мәдениет және өнер қызметкерлерін қолдау және ынталандыру мақсатында табысталатын Қарағанды облысы әкімінің жыл сайынға «Алтын қобыз» сыйлығы биыл да біздің жерлестерге бұйырыпты. Конкурстың қорытындысы енді шықты. Сондықтан, жақсы жаңалықты сүйіншілеп, әріптестерімді құттықтаймын. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен С.Қожамқұлов атындағы музыкалы драма театрының әртісі әрі режиссері Мируана Жанботаева, ҚР мәдениет және спорт Министрлігінің Құрмет грамотасымен тарихи-археологиялық музейінің бөлім басшысы Қабдол Әуезов марапатталмақ. «Алтын қобыз» сыйлығының «Жылдың үздік эпизодтық рөлі» номинациясы С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық драма театрының әртісі Құрман Игібаевтың, «Жылдың үздік театр режиссері» номинациясы С.Қожамқұлов атындағы музыкалық драма театрының әртісі және режиссері Мируана Жанботаеваның, «Көркемөнерпаздар ұжымының үздік жетекшісі» аталымы «Диндалле» кәріс халық ансамблінің көркемдік жетекшісі Валентина Кимнің еншісінде. Ақын, сценарист, драматург, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының директоры Ғазиз Ештанаев «Алтын жолақ» номинацияның иегері атанды.

Осы сәтті пайдалана отырып, барша Жезқазған қаласының мәдениет және өнер қызметкерлерін, әріптестерімді, кәсіби мерекелерімен құттықтап, дендеріңе саулық, бастарыңа амандық, шығармашылық табыс тілеймін.

**– Салтанат Сүлейменқызы, уақыт тауып сұхбат бергеніңізге рақмет. Мерекелеріңіз құтты болсын!**

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ДАРА ДАУЫС ИЕСІ



**Адам өмірін көркемдік-эстетикалық тұрғыдан байытып, жан-жүрегін нұрландыратын, ақыл-ойын алысқа қарай әлдилейтін өнер атты құдірет кез келгеннің басына қона бермейтін бақ іспетті. Ол бүкіл халықты тәрбиелеуге, жігерлендіруге, тіршілік тыныстарын өзге қырынан тануға әсер етеді. Қатігездік, селсоқтық, бейқамдық жайлаған мына өмірдің өзгеге бейтаныс жаңа қырларын ашуға тырысады. Кез келген жағдаяттан жақсылық пен жанашырлықты, әсемдік пен әдемілікті, сұлулық пен сырбаздықты іздеуге үйретеді. Өзгелерден ерекшелеп маңдайыңа өнер нөсерінің бір тамшысы қонған екен, оның жолы да ауыр екендігін ұғынарыңыз анық. Осындай бармақтай бақ пен таудай талаптың иесі атанған өнерпаздар мысты шаһар төсінде де жетерлік.**

1974 жылы іргетасы қаланып, 1990 жылдың 15 қарашасында Сарыарқаның саңлақ ақыны Тайжан Қалмағамбетовтің есімі берілген таланттар ордасы Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының тек Ұлытау-Жезқазған аймағында ғана емес, республика көлемінде бәсі биікте. Осынау өнер мекенінде бүгінде елімізге белгілі талай саңлақ қалыптасып, қияға қанат қақты. Дарабоз дүлділдердің орнын дарынды жастар да жалғап жатты. Алдыңғы буынның бүгінгі ізбасарлары – өнерлі ұл-қыздардың басын құраған «Жезқазған дауысы» тобы. Оның құрамындағы Берік Арыстан, Лаура Отызбаева, Перизат Несіпбаева, Ершат Сұлтанғали ән жанрының жан-жақты бағытында сахнаны сыр мен жырға толтыруда. Тек эстрада әншілері ғана емес, домбыра, қобыз сияқты ұлттық музыкалық аспаптардың шеберлері бас қосқандықтан болар, жастар кез келген туындының мазмұнын байытып, әсерлендіріп жібереді. Топ әншілері жеке шығармашылықтарында ұмыт қалдырған емес. Олардың қай-қайсысы болмасын кәсіби біліктіліктерін үздіксіз жетілдіріп отырады. Солардың бірі – жаста болса жасқанбай, құзарларға көз тастап, биікке қанат сермеген **Асхат Сағындықов.**

Жезқазған музыкалық колледжінен түлеп ұшқан Асхаттың ұстазы – Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамедин. Аталған оқу орнында 2007 жылдан бастап дәстүрлі ән бағыты бойынша білім алған ол қазақтың киелі домбырасының қыр-сырын жетік меңгеріп, халық әндерінің қасиетін тереңінен түсінуге мүмкіндік алды. 2010 жылы өнер ордасын тәмамдай сала ән-жырдың қарашаңырағы Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясына жұмысқа қабылданды. Жезді өлкенің жыр айдынында қызмет етіп жүргеніне биыл – 10 жыл. Осы уақыт аралығында ол өзінің кәсібилігін дамытып, шығармашылығын шыңдаумен болды. «Батырға оң мен солы бірдей» дегендей өзін орындаушылық өнердің қос саласында да көрсетуге тырысты. Осылайша, дәстүрлі ән өнерімен қатар заманауи эстрада жанрын да биік дәрежеде меңгеріп шықты. Көпті көрген ағалар ақылын арқа тұтып, алға ұмтылды. Туа дарыған қабілет-қарымын қорықпай көпке ұсынды. Батылдық пен қайсарлық өнерге де керек. Расында, тумысынан таудай талантқа ие бола тұра, сол қасиетін жарыққа шығарып, қалың қауымға ұсынудан қамығатын, дер кезінде нақты қадамдарға бара алмаудан бойындағы бөлек болмысын тұншықтырып алғандар қаншама?! Бұл тұрғыдан келтірер мысалдарда аз емес. Осындай ағаттыққа жол бермей, көп ішінен топ жарған Асхат, көлденеңнен көзі түсіп, аңдаусызда аяғына шынжыр, қолыңа кісен салатындар көп болса да, Тәңір берген талантқа түрен салу мүмкін еместігін алға тартады.

Асхат үшін 2020 жыл жақсы жаңалықтармен басталды. Ол жұқпалы дертке байланысты республика көлемін дүрбелеңге салған шектеу шаралары кезінде бүкіл Жезқазған жұртын қуанышқа кенелтіп, мерейлерін тасытты. Бұл – оның алғашқы бейнебаянының жарық көруі. Отандық музыкалық телеарналардан күн сайын беріліп жатқан «Бөлек екенсің» әніне түсірілген бейнебаянның ерекшелігі – басынан аяғына дейін Жезқазған қаласында түсірілгендігі. Сарыарқа төсіндегі тарих пен тағлымы жарасып, ынтымақ пен ырысы біте қайнасқан шағын ғана Жезқазған аймағының көз еліктіріп, көңілге тыныштық сыйлайтын орындарын бейнебаян желісіне арқау етіп, оны жалпақ қазақ жұртына ұсынған оның еңбегі, әрине, мақтауға тұралық.

Бейнебаянның бүкіл тарихы Жезқазғанмен байланысты. Бұлай дейтініміз, бұл туындының әншісі де, сазгері де, ақыны да – осы өңірдің өрендері. Әннің сазгері – Нұрлан Мұсабеков, сөзін жазған – Мұқағали Сейтқазы. 2018 жылы жазылған бұл ән басында ел арасында әлеуметтік желі, той-думан, отырыстар арқылы кеңінен таралған. Кейіннен «Неге бейнебаян түсірмеске?» деген ой туындайды. Аталған туындыда Асхатпен бірге басты рөлді Әдемі есімді 17 жасар ару сомдап шықты. Ол Жезқазған музыкалық колледджінде би мамандығы бойынша білім алуда. Такси шақырған жолаушы қыздың көлікте мойынорағышын ұмытып кетіп, соны сылтау еткен жігіттің қыз жүрегіне жол тауып, жарасымды жұп атану мезеттері баяндалатын бейнебаян біраз қаралым да жинап үлгерді. Ән әуезіне айтылған пікірлерде жаман емес екендігін байқадық. Бейнебаянның жарық көруіне қол ұшын созып, қолдау көрсеткен «Ютария ltd» өндірістік-инновациялық компаниясының басшысы Сәуле Шәуенова мен тілекші ағасы Сабыржан Тембаевқа және барша қолдаушы, жанашыр дос-жаранға Асхаттың айтар алғысы ерекше. Бейнебаянның алғашқы сценарийі қыста жазылып, түсіріліпті. Онда актриса да бөлек болған. Десе де, белгілі себептермен бейнебаянды көктемде қайтадан құрастыруға тура келген. Үш күн ішінде түсірілген туындының сапасына да дау айта алмайсыз. Бұл да жезқазғандық жігіттердің еңбегі. Техникалық топ қаламыздағы «Magic.jkz» студиясының қызметкерлері. Түсірілім кезінде орын алған қиындықтар мен қызықты сәттерді есіне алған Асхат көпке оп-оңай іс болып көрінгенімен, бейнебаян түсірудің айтарлықтай жеңіл еместігін, бұл шаруада да талай жанның маңдай тер еңбегі жатқандығын атап өтті.

Бүгінде Асхат Сағындықовтың жеке ән қоржынында екі ән бар. Оның бірі – «Бөлек екенсің» болса, екіншісі – «Анама хат».

– Әрине, көп адам тырнақалды бейнебаянын неге анасына арнамады екен деп ойлауы мүмкін. Ол қалыпты жағдай. Оны да ойладым. Әйтсе де, кез келген істен бір қателік табылары ақиқат. Біткен іске сыншы да көп болады. Алдыңғы тәжірибе айтарлықтай рөл ойнайды. Осыны ескере келе, адамзаттың аяулысы ана атты құдіретке арналған жұмысымда қателік орын алғанын қаламадым. Бұл тақырып иненің жасуындай болса да ағаттықты кішірмейді деп ойлаймын. Меніңше, анаға арналған әр іс сол асылымның жүрегіндей кіршіксіз болғаны абзал. Осылай дей келе, бұл істі болашақтың еншісіне тапсырғанды жөн көрдім, – деді ол өз сөзінде.

Асхаттың болашаққа құрған жоспарлары да мол. Шығармашылығын республиканың үлкен қалаларында байқап көруді мақсат етіп отыр. Келесі бейнебаянын Ұлытаудың әсем табиғатында түсіргісі келеді. Өнер өлкесінің жезкиігі Жақсыкелді Сейілов ағасының әндерін қайтадан көрерменмен қауыштырмақ ниеті де бар.

Барша әріптестестерін кәсіби мерекелері мәдениет және өнер қызметкерлерінің күнімен құттықтаған Асхат Сағындықов олардың барлығының еңбектері мақтауға тұрарлық екендігін айта келе, филармония ұжымын алаңдататын басты мәселе – ғимарат жайы екендігіне де тоқталды. Сонымен қатар, гастрөлдік сапарларда көлік қозғалысы да қиындық тудыратын еске салды. Осы тұрғыдан филармония ұжымына қолдау көрсетілсе, өнерпаздардың қанатына қанат бітерін алға тартты.

Мамандықтан гөрі адамдықты жоғары қоятын Асхат Сағындықов ең ұлы мамандық – әке болу дейді. Бүгінде бір ұл мен егіз қыздардарды тәрбиелеп отырған өнер иесі үлгілі отбасының тірегі де.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ӨРІСТІ ӨНЕР ЖОЛЫНДА

**Театр атты қасиетті өнерге кез келген жанның келе бермесі анық. Бойында табиғат сыйлаған ерекше қабілеті бар, жүрегінде жан жылуы мол, көкірегі ояу, жаны нәзік, сезімтал жандар ғана осы өнерге бет бұратын сияқты. Әрине, бұл ретте өзі талантын ерекше бағалайтын, «соған ұқсасам-ау» деген жандардың да әсері болары бек мүмкін. С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының ардагер әртістерінің өкшесін басып келе жатқан талантты шоғырдың ішінде көзге ерекше шалынатындардың бірі Бақытжан ИБРАЕВТЫҢ осы өнерге өмірін арнауы да осыдан болар.**



Ақтөбе облысы Қарабұтақ ауданында дүниеге келген Бақытжан орта мектепті Арқалық қаласында бітірді. Осында қоныс аударуға себепкер болған Арқалық қаласында шаңырақ көтерген облыстық музыкалық-драма театрында еңбек ететін, осы театрдың іргетасын қаласқан жездесі Досжан Жанботаев пен апасы Райхан Ибраева. Мектепте оқып жүрген кезден театрдың спектакльдеріне жиі келетін Бақытжанның осы өнерге деген ықыласының оянуына апа-жездесінің әсері мол болды.

Жаны әсерленгіш жасқа театр өзгеше бір әлем болып елестейтін, ерекше қызығатын, осында еңбек етсем деп армандайтын. Бәлкім, мектепті бітіре салысымен осында келуі де содан болар. Алғашқыда сахна машинисі, кейін қосалқы құрамда актер болып еңбек етті. Талантты жастың бойындағы қарым-қабілетті байқаған әріптестері оған арнайы білім алуға жол сілтеді. Өмірін өнермен біржола байланыстыруға бекінген Бақытжан Алматы Мемлекеттік театр және көркемсурет институтының «драма және кино актері » бөліміне оқуға түседі.1986 жылы аталған оқу орнын ойдағыдай бітіріп, сүйікті театрына қайта оралады. Содан бері бір ұжымда табан аудармастан қырық жылға жуық еңбек етіп, өнер ұжымының шығармашылық бағытына лайық көп қырлы актер ретінде танылды.

Институтта алған білімін сахнамен ұштастырған ол театрдың жетекші әртістерімен серіктесе отырып, олардың сахналық бай тәжірибелерінен үйрене жүріп, үлкенді-кішілі рөлдерді ойнап шықты. Жас актердің алғашқы тырнақалды рөлдерінен оның аяқалысын анық байқаған режиссер оған А.Дударевтің «Тосқауылындағы» – Драгун, Т.Ахтановтың «Күшік күйеуіндегі» – Төребек, К.Ахметовтың «Ертеояндым, ойландым, жете алмадымындағы» – Айдар сияқты кейіпкерлерді сомдауды сеніп тапсырды.Талантты жас сенімді ақтай білді.

Актер Бақытжан Қалижанұлының басты қасиеті – еңбекқорлығы, ізденімпаздығы дер едік. Қол жеткенге тоқмейілсімей, барға қанағат етіп қана қоймай, жылдан-жылға тәжірибе жинақтап, шеберлігі шыңдай беруден жалықпайды. Бұдан соң ол кейіпкерлерінің ішкі болмысын, жан дүниесінің қатпарлы құпияларын барынша ашып көрсетуге ден қойды, осылайша өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды. Оған сахналық ғұмырында сомдаған ауыз толтырып айтарлық көптеген айшықты образдары дәлел бола алады.

К.Әбдірахманның «Кетбұқа», Ә.Тәжібаевтың «Көтерілген күмбез», О.Бөкейдің «Атау кере», И.Вовнянконың «Тентек теңізші», К.Жұмабековтің «Әйел махаббаты», А.Володинның «Қос жебе», Ә.Таразидің «Күнәсі», Т.Теменов пен С.Сматаевтың «Көгілдір такси», В.Шекспирдың «Гамлет», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», В.Дельмардың «Өкінішті өмір», Ғ.Ештанаев пен Т.Жанботаевтың «Сәкеннің соңғы сәттері», С.Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр», Г.Хугаевтың «Қара шекпен», В.Красногоровтың «Азапты тәлімі», Д.Исабековтің «Ескі үйдегі екі кездесуі» және т.б. спектакльдердегі Жошы, Қыран, Таған, сержант, Төлеген, Жаусоғар, Кеще, Тайшы хан, полковник Қайыржан, Лаэрт, Айбас, Джордж, Сәкен, Кутский, Қуқар, профессор Кольцов, Айтөре сияқты кейіпкерлерді актер ішкі психологиялық толғаныстарымен бірге сахналық суретіне, пластикалық түріне, сөз мағынасының ашылуына және осының барлығы да кейіпкерлерінің әрекетіне, мінез өзгешіліктеріне табиғи байланыста болу жағына баса көңіл аудара отырып, сәтті тұлғалап шықты.

Ал комедиялық спектакльдерде Б.Ибраев басқаша бір қырынан танылады. К.Ахметовтің «Құданың өзі, құдайдың «көзі» келгенде» сатиралық комедиясында – Құржан, Е.Домбайдың «Ғашықтық туралы баллада» музыкалық комедиясында – Шауырхан, Т.Нұрмағанбетовтың «Бес бойдаққа – бір той» музыкалық комедиясында – Барбол, Т.Нұрмағанбетовтің «Кемпірлерден шыққан дау» комедиясында – Сұраған, Н.Птушкинаның «Кешікпе, махаббатында» – Игорь, бейнелері арқылы күнделікті тіршілікте кездесетін келеңсіздікті өткір көрсетеп, спектакльдердің комедиялық сыр-сипатымен әр алуан ой саларлық кейіпте бейнелей білді.

Б.Ибраев – күрделі драмалық образдармен қатар, ертегі кейіпкерлерін шынайы сомдаудың шебері. Ол бейнелеген Н.Оразалиннің «Аққұс туралы аңызындағы» – Қарақұс, С.Оспановтың «Мұңлық-Зарлығындағы» – Шаншар хан, Р.Ибраеваның «Алтын айдарлы баласындағы» – бай, «Сиқырлы кітабындағы» – Әке мысық, «Алпамыс батырындағы» – Тайшы хан бейнелері кішкентай бүлдіршіндердің қызыға қызықтайтын, асыға күтетін кейіпкерлері.

Б.Ибраев ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін көптеген диплом, алғыс хаттармен марапатталды. 2000 жылы Жезқазған қаласы әкімінің «Жыл актері» жүлдесін иеленсе, 2002 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төсбелгісін кеудесіне тақты. Олардың қатарына кейінгі жылдары алған Қарағанды облысы мәдениет басқармасының «Жыл әртісі» жүлдесі, Қарағанды облысы әкімінің «Алтын қобыз» сыйлығы қосылды. 2012 жылы Қарағанды облысы мәслихатының Алғыс хаты, 2015 жылы Қарағанды облысы мәдениет қызметкерлері кәсіподағының Құрмет грамотасы, 2016 жылы ҚР «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Кемеліне келіп,сахнаның қыр-сырын жетік меңгерген талантты актердің алар асуы, бағындырар белестері әлі алда.Әлі талай таңдай қақтырар образдарды сомдап, көрермендерін тәнті ете береріне сеніміміз кәміл.

**Үмітай МОЛДАБЕРГЕН,**
**С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театры әдебиет бөлімінің меңгерушісі**

## ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

*«Нағыз адамның белгісі – кісілік».*
**Ж.Баласағұни**

# СЫР

**Редакциядан «Қызметтес болыпсыздар, лебіз білдіріңіз», – деген өтініш түскенде онсыз да өткенді сағынып жүрген көңіл қатпар-қатпар ойлардың ізіне түсіп кеткен. Біреуін таңдадым. Талай жылды бірге өткізген әріптес інім туралы әңгіменің әлқиссасын осыдан бастағанды қош көрдім.**



Әр аптаның жұма күні мен міндетті түрде «Сарыарқа» («Жезқазған туы») газетінің Бейбітшілік даңғылындағы №13 ғимаратта орналасқан кеңсесіне баратын едім.

Әуелі газетімді, яғни «Сарыарқамды» аламын. Бұдан соң Бас редактор Төлеш Асановтың кабинетіне бет түзеймін.

–«Жас Алаш» пен «Времяның» оқырманы келді. Төрлетіңіз! – деп Төлеш орнынан тұрып, құшағын жайып қарсы алады.

Аталған екі газетті мені сөйлету, пікірлесуге шақыру үшін атайтынын білемін.

Менің «Сарыарқаны» басып өтіп «Букваға», одан әрірektегі редакцияларға бармайтынымды ол да біледі.

Қырық төрт жылдық журналистік жолымның 27 жылы (оның ішінде облыстық газетте – 24 жыл) осы ғимаратта, осы кеңседе өтті. Шынымды айтайын, бұл жерге өзім іргетасын қаласқан «Сарыарқаны» алу үшін ғана келмейтінмін. Жастық шақтың ең тәтті кезеңі өткен үйдің қабырғасын бір сипап, сол жылдардың еншісінде қалған асыл, қымбат, әсерлі естеліктерге деген сағынышты сабасына түсіру үшін де баратынмын. Бұған қоса облыстық газетте көп жыл бірге қызмет істеген Төлешпен, Сарамен, Гүлизамен, Бақытпен аз-кем болса да жүздесудің өзін бір ғанибет көретін едім.

Төлеш қызметін «Дидар» телеарнасына ауыстырған соң, апта сайынғы жүздесу үзілді. Сирек кездесеміз. Кездескен сайын бұрынғысынша аппақ көңілмен қауышамыз.

Осыдан екі-үш жыл бұрын болуы керек, осындай кездесулердің бірінде Төлеш бауырым: «Балтеке, Сізге бұрын айтпай келген бір сырды ақтарғым келіп тұр», – деді.

Айтқанынан түсінгенім мынау: өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының ортасына қарай оған облыстық газетке редактор болу ұсынылыпты. Төлеш мұндай сенім көрсетілгеніне алғысын айтып, ұсыныстан бас тартыпты.

– «Сарыарқаға» жақындығым журфакта оқып жүргенде-ақ басталғанын білесіз. Оқу бітіріп келген соң, мені құшақ жайып қарсы алды, одан кейінгі өмір баспалдақтарым осында сабақтасты. Осында есейдім, отбасын құрдым, кәсіби жағынан шыңдалдым, адамгершілікке үйретті. Зейнеткерлікке жақындаған, осы газеттің іргетасын нықтап, шаңырағын биіктеткен, бізді тәрбиелеген адамды себептен-себепсіз сырғытып жіберу адамгершілікке жатпас еді деген ойға келдім. Оның үстіне ел-жұртына не айтып барады. Олар «Газет үшін жанын беретін жан едің, сыйғызбай жіберді ме?!», – десе қайтеді?» деген нобайда сырын ақтарды Төлеш.

Мен кезінде бұл әңгіменің шет жағасын естіген едім. Бірақ, оның кейіпкерлерінің ішінде Төлеш бар екенін тіпті білген жоқпын.

Талай жыл қызметтес, тілектес болған Төлештің мына әңгімесі көңілімді босатты, тебірентті. Сонымен бірге екіжүзділік, жағымпаздық, адамдарды «керек» және «керексіз» деп жікке бөлушілік, рушылдық, жершілдік, жетекте жүрушілік етек алған қазіргі кезеңнің құсығы сананы жаулап, жүректі былғап жатқан шақта адами қарым-қатынасты ту еткен азаматтардың да ортамызда болғаны және сау-саламат жүргені күш пен сенім бергендей әсерге бөлендім. Жаңағы мен атаған індетке шалдыққандар әріптесімнің әрекетін жақтамайды. Ал, қоғамның тұтастығын жақтайтын, өз орнын өз күшімен табуға бет түзейтін жастар ойланады деген ойдамын. «Рахмет, Төлеш, сен туралы қателеспеппін», – дедім құшағыма қысып, көзіме жас алып.

Журналистік қызметінде «Редакторлыққа жалақысына қызығып келдім», «Мәшинесін мінгім келді» дегендерді де кездестірдім. Қаламды емес пайданы көздейтіндер журналистикаға кездейсоқ келгендер. Қызметі қоғамның көзін ашу, санасына сәуле түсіріп, жүректі тазалау болып табылатын журналистика үшін бұл – қатерлі құбылыс.

Ал, Төлеш Асанов осы шешімімен адамдар арасындағы қарым-қатынастың тазалығынан, ұстаздық мектепке деген адалдықтан артық ешнәрсе жоқ екенін дәлелдепті.

Дәл бүгін мұндай шешім екінің бірінің қолынан келе бермейтініне ешкім дау айта алмас.

Төлеш Асанов – ҚазМУ-дің журналистика факультетінің түлегі. Аманғали Әбуов екеуін өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басынан бері білемін. Газет редакциясына екеуі бірге келді де жұмысқа, қоғамдық өмірге белсене араласып кетті. Төлеш келген 1985 жылы мен газеттің жауапты хатшысы едім. Жауапты хатшының секретариат немесе газетшілер арасында «Бас штаб» аталып кеткен жеке-дара құрлымы болды. Оған жауапты хатшының екі орынбасары, газет шығарушы, суретші, фототілші, машинисткалар (үшеу), корректорлар (алтау), телетайпшы кіреді. Газет шығару барысында «Бас штаб» бүкіл редакцияның қызметін үйлестіріп отырады, мақаланың дайындалуы мен газеттің басылуға жіберілгенге дейінгі жұмыстардың бәрі секретариат арқылы өтеді.

Бір-екі өндірістік практикасын бізде өткізген Төлешті білетіндіктен жауапты хатшының орынсарлығына шақырдым. Ол ойланды. Оның да жөні бар. Секретариаттың жұмысы өте ауыр. Газетіміз А2 үлгісімен аптасына бес рет шығарылады. Ол кезде қазіргі компьютер, ғаламтор өмірге енгізілмеген. Материалдар баспаханада «ленотип» аталып кеткен теру машиналары арқылы бір-бір жолдан металдан құйылады, газеттің бір бетінің материалдары терiліп біткен соң, секретариатта жасалған макет бойынша беттеледі. Газеттің ажарлы шығуы, мақалалардың «мен мұндалап» тұруы секретариаттың шеберлігіне, тапқырлығына тікелей байланысты.

Олардың жұмысында сегіз сағаттық өлшем жоқ. Жұмыс таңертеңгі сағат сегізде басталады және қанша сағатқа созылатыны бірнеше жағдайларға байланысты шешіледі. Оның бәрін айтып тауыса алмаймыз. Тек сол кездегі саясатқа байланысты бір мәселені айтпасақ кейіпкеріміздің қызметі толық ашылмай қалады. Кеңес Одағы кезінде компартияның саясатына қатысты елде, республикада, облыста болған маңызды оқиғалар туралы ақпараттар газет арқылы ертеңіне оқырмандардың алдында жатуы тиіс. Осыған байланысты редакцияда «телетайп» деп аталатын үкіметтік байланыс жүйесі жұмыс істеді. Бүгінгі ғаламтордың қызметін атқарды. Жұмысы құпия болып табылатын телетайп қызметі таңертеңгі сегізде басталып, түнгі 22 сағатта аяқталады немесе Мәскеу мен Алматының нұсқауы бойынша түн ортасына дейін жалғасады. Осы телетайп арқылы кешкі 21 сағатта газет беттеліп бітіп, үйге қайтуға жиналып жатқанда «Ертеңгі нөмірге жариялансын» деген нұсқаумен ресми материал түсіп қалуы мүмкін. Амалсыз газет беттерін бұзып, қайыра жасауыңа тура келеді. Үйдегі кешкі асқа үлгерсем, бала-шағамен қауышсам деген дәмең жайына қалады. Егер шекесінде «литерлі» деген шоқпары бар әлгі материал қысқа болса, тағы екі-үш сағат жүресің. Ал, газеттің тұтас бетін алып кетсе, келесі таңды редакцияда қарсы аласың. Осындайда корректорлар бірер сағат көз шырымын алып, үйлеріне де бармай ертеңіне жұмыстарын жалғастыра беретін. Осындай кездерде шақырылған жерлерге бара алмай ұятқа да қалатынбыз.

Шыдамдының шыдамдысы ғана шыдайтын осындай жұмысқа шақырғаныма Төлештің ойланып қалғаны заңды еді. «Жұмысы ауыр, жазудан қол үзіп, қарайып қалмаймын ба?» деп жүрексінсе де тәуекел етіп, секретариаттың шетсіз-шексіз мұхитына күмп етіп түсті де кетті. Өзін іске берік, ізденімпаз, тапқыр қызметкер екенін көрсетті. Секретариаттың жұмысын өрге сүйреді, қаламының қарымды, шабытты екенін де көрсете білді.

Редакторымыз Сабыр Сауытбаев (жатқан жері жайлы болсын). «Секретариаттан өткен адам газеттің бүге-шүгесін аса жетік білетін журналист болып шығады», – дегенді жиі айтатын. Төлеш те сондай журналист болып шықты. Сөз орайы келген соң айта кетейін біздің секретариаттың мектебінен өткен, секретариаттың тізгінін алғаш ұстаған Марал Хасенов, Ізбасар Қабдырахманов бастаған жолды сәтті жалғастырған Мақұлбек Рысдәулетов, Шахмұрат Ибадатов, Аманғали Әбуов, Бекежан Нұрғазин, Аманжол Үсенов, Мәулетхан Ақсанов, Бибаят Үсенова, Қуаныш Сиқымбаев және басқалары журналистік қызметтен де, өмірден де өз орындарын тапты. Олар біздің «Бас штабта» шыңдалды.

Төлеш те 55 қызметкер, оның ішінде 30 журналист қызмет жасаған редакцияда есейді. Секретариаттан соң, бөлім басқарды, облыстық газеттің жауапты хатшысы, аймақтық газеттің Бас редакторы болды. Осында жүріп махаббатын, жан жарын тапты. Болашақ жары Әсем Оспановамен біздің редакцияда танысты. Әсем корректор болып жұмыс істейтін, ширақтығымен қызметінің қиындығын жеңе білді. Айтпақшы, мен немере сүйіп, бақытқа бөленіп отырған Әсемді қазір де «келін» деп атаймын. Ол да «Армысыз, Ата!» деп баяғы ақжарқын көңілмен амандасады. Мұның да өз сыры бар. Редакцияда телетайпта жұмыс істейтін зайыбым Орал төрт-бес жастағы кенже ұлымызды кейде жұмысқа ертіп келетін. Жұмыстағы қыз-келіншектер баланы ортаға алып, тілін, сәбилік қылықтарын қызықтайтын, еркелететін. Бірде олар: «Өскенде, дәу жігіт болғанда кімді аласың?», – деп сұрайды. «Әсем тәтені аламын!» – деп жауап береді бала. Сөйтсек, Әсем тәтесі келген сайын тәтті құрт, кәмпит беріп отырады екен. Баланың жауабын естіген соң, Әсемді «келін» деп атап кеткен едік.

Төлеш Асанов өзінің журналистік шеберлігін «Дидар» телеарнасында сәтті жалғастыруда. Оның ұлттық салт-дәстүрлерімізге, әсіресе Абайдың ұлылығына арналған хабарлары қалың көрерменнің жүрегіне жол тауып жүр деген ойдамын. Ұлы Абай арқылы жүректі тазартуға, рухани жаңғыруға қоғамды жұмылдыру – қазақ журналистикасының бірінші кезектегі міндеті. Төлештің «Сарыарқада» («Жезқазған туында») шыңдалған шығармашылығы, берік ұстанымы сәтті туындыларымен қуанта беретініне кәміл сенімдімін.

**Балтабек ӘБЕУОВ,**
**«Жезқазған журналистері» ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі.**

**Суретте:** 1987 жылдың көктемі. «Жезқазған туының» футбол жанкүйерлері Балтабек Әбеуов, Төлеш Асанов, Жұртшыбай Қожықов, Мақұлбек Рысдәулетов «Металлург» стадионында
**Суретті түсірген «Жезқазған туының» фототілшісі Кәмілбек БӘКІРОВ**

# БҰЛ – БІЗДІҢ ТӨКЕҢ



**Біздің де барша қазақ сияқты өзімізге үлгі тұтар, қысылғанда алдымыздан табылып, жол бастар ардақты ағаларымыз баршылық. Олар кейбір қадірін өзі кетіретін қариялар секілді сенің еңбегіңе сұғанақ көзін сүзіп, оны меншіктеп, өзіне сұғындырып ала қоятын, сөйтіп, мардымсып, барлық жиған-терген беделін салып, бөгет жасап бөсетіндерден емес. Абзал ағалар бізді үнемі қолдап, қолтығыңнан демеп, «ақ жол» тілеп отырады. Осындай ағалардың бірі ретінде бүгінде алпыстың асқарына шыққан Төкеңді қадірлейміз…**

«Біздің» деп бедерлеп отырғаным – Жезқазған-Ұлытау аймағындағы бұқаралық ақпарат құралдарының орта және кіші буын өкілдері. Ал, «Төке» деп «төркіндеп» отырғаным аймағымызға белгілі журналист, облыс әкімінің «Алтын сұңқар» байқауының аймағымыз ғана емес тұтас Қарағанды облысы бойынша алғашқы иегерлерінің бірі, Жезқазған қаласы әкімінің арнайы «Алтын қалам» сыйлығының иегері – Төлеш Асантегі.

Егер, кешегі Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінің сонау жетпісінші-сексенінші жылдардағы сандарына көз жүгіртсеңіз «Төлеш Асанов» деген атпен берілген мақалалар алдыңыздан шығар еді. Әсіресе, жақсы жаңалықтар, жедел хабарлар оның есімін жиі айғақтап тұрады.

Әңгімені неге өткен ғасырдан бастады деп те ойлауыңыз мүмкін. Оның да өз себебі бар. Ол қызығынан қиындығы басым, шерлі Шерханша айтар болсақ, арқалағаны алтын ал, жегені жантақ журналистика саласына сонау мектеп қабырғасында жүріп қадам бастаған еді. Журналистикаға деген сол бала махаббат оны мектеп бітірген күннің ертесіне редакцияға жетектеп әкелген-ді. Сол күннен бастап ол Ишанбек Жауыртаев, Сапабек Мырзатов сынды мықтылардың мектебіне топ ете түскен болатын ...

Отбасының үлкені болғандықтан ба, өз қатарластарынан ертерек есейген ол қандай мәселеге де жауапты қарайды. 1977 жылы орта мектепті жақсы аяқтаған соң бірер жылдай ата-анасына қолқабыс жасау мақсатында Жездіде жұмыс істеп, 1979 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсті. Жоғарыда есімдері аталған журналистиканың марғасқаларының қазанында қайнаған Төкең үшін сол тұстағы Қазақстандағы жалғыз университеттің оқуы онша қиынға түсе қойған жоқ. Оқуын бітірісімен өзін қанаттандырып жіберген Жезді аудандық «Октябрь туы» газетіне қайтып келіп тілші, сосын бөлім меңгерушісі болып қызмет етті.

Журналистке жақсы жазумен қатар, өзге де қасиеттерді меңгеру немесе бойға сіңіру талап етіледі. Оның ең бастысы – адамдармен тіл табыса білу, әңгімеге тарту арқылы оның ішкі жан сырына үңілу. Осындай ерекшеліктер бойынан қапысыз атойлап тұратын Төлешті сол кездегі Жезқазған облысының айнасы «Жезқазған туы» газетінің басшылары жазбай таныды. Аттай қалап, аймақ басылымына қызметке шақырды.

«Мен үшін «Жезқазған туы» газеті нағыз журналистика мектебі болды. Тіпті, университеттен кейінгі мамандық пен өмір академиясы еді ол. Сол кездегі редакторлар – Ұзақбай Төлеуовтен әкелік қамқорлықты сезінсем, Сабыр Сауытбаевтан басшы болсаң қарапайым әрі маңайыңдағыларға әрдайым әділ болу керектігін ұғындым, редактордың орынбасарлары Сапабек Мырзатов, Сайлаухан Нәкенов, Көбейсін Еңсебаев журналистік қабілетімді ұштай түсті. Сол кездегі жауапты хатшы Балтабек Әбеуовтен газеттің ішкі «кухниясын» меңгердім», – деп әр кез мақтанышпен еске алып жүреді Төкең.

1997 жылы облыс жабылып, облыстық газет қалалық газетке айналды. Төлеш сол жылы Қарағанды қаласында шыға бастаған республикалық «Азия Транзит» газетіне қызметке ауысты. Онда белгілі жазушы, журналист Өтен Ахметов, Айтбай Сәулебековпен бірлесе жұмыс істеді. Ол осында жүріп компьютермен газет беттеудің құпияларына да ден қойды.

Әріптес ағасы Батырбек Мырзабеков, әріптес інісі Әнуар Омардың қайта-қайта қолқалауымен 2000 жылы қарашада Сәтбаев қаласындағы «Шарайна» газетіне редактор болып ауысты. Ол келгенде газеттің өндірістік базасы тым жұтаң болатын. Бірден осы мәселені шешуді қолға алды. Ең алдымен редакцияны копьютерлендіруге күш салды. Банкпен келісіп, компьютер цехын несиеге алды. Компьютерге ебі бар деген жастарды іріктеп алып үйретті. Ақыры 2001 жылы 22 наурызда «Шарайнаның» өз компьютерлік орталығында өз қалауларымен беттелген, мазмұны бөлек жаңа тұрпаттағы 12 беттік екі тілді газет жарыққа шықты.

Газеттің бейнесін жаңартуды оның мазмұнын жақсартумен, білікті кадрлар тартып және кадрлар тәрбиелеумен қатар жүргізіп отырды. Штат көлемі екі-үш есеге дейін өсті.

2002 жылы Жезқазған қаласының әкімі Жұмамәди Ибәділдиннің табанды шақыртуымен «Сарыарқа» газетіне ауысты. Сол жылдың сәуірінен 2016 жылдың желтоқсанына дейін – Жезқазған аймақтық (бұрынғы – облыстық) «Сарыарқа» газетінің бас редакторы, «Сарыарқа» газеті редакциясы» ЖШС директоры болып қызмет етті. Ал, 2017 жылдан бастап қалалық «Дидар» телеарнасы директорының орынбасары.

Төлеш Асантегі 90-жылдары очерк, публицистикалармен қатар көркем шығармаларды да біршама өндіріп жазды. Жазған әңімелерінің барлығы облыстық газетке ғана емес, «Жұлдыз», «Жалын» журналдарына, басқа да республикалық басылымдарда кедергісіз жарық көріп жатты. Мұның өзі оның шығармаларының әдеби ортаның жоғары талғамына сай болғанын көрсетсе керек.

2016 жылы «Боздау» әңгімелер жинағы жарық көрді. Бұл кітапты дизайнды, макетті, қажетті копьютерлік бағдарламаларды терең меңгергендіктен ешкімге жалынбай өзі кітап етіп басып шығарды. Алда очерктер жинағы кезек күтіп тұр. Амандық болса, ол да өз күшімен жарық көрмек. Өзін көпке жалаулатып танытуды суқаны сүймейтін ол кітапты қалың оқырманға таныстырудың сәті бір түсер деп қояды. Бұл енді бөлек әңгіме...

**Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ**

# ҚАЛАМДАСТЫҢ ТАЛТҮСІ

*(Соңы. Басы 1-бетте.)*

Облыс орталығы Қарағандыға қоныс аударып, «Азия Транзит» газеті бас редакторының орынбасары қызметін атқаруы Төлештің жаңа қабілет-қарымының ұшталуына игі әсерін тигізгені анық. Ол әріптестеріміздің арасында алғашқылар қатарында компьютерді еркін меңгеріп, сол жақта еңбек еткен екі-үш жылдың ішінде газет-журнал шығаруға қатысты күрделі бағдарламалардың барлығын жетік игеріп алды. Осы тәжірибесі 2000 жылы «Шарайна», 2002 жылы «Сарыарқа» газеттеріне басшылыққа келгенде көп пайдасын тигізді. Мен Төлешке редакторлықтың тізгінін тапсырғанда біз әлі баспахананың бет жасап беру қызметімен қоштаса алмай жүрген кезіміз еді. Қаржы тапшылығы қолбайлау болды. Осы жағдаймен қаржы бөліміне жиі қыңқылдап, компьютер ала алмай жүргенімізді жақсы білетін сол уақыттағы қалалық қаржы бөлімінің басшысы, қазіргі қала әкімінің орынбасары Аманғали Әбдіхалықұлы айтарлықтай көмек жасаған болатын. Көрші газетке дабыра қылмаңыздар деп «Сарыарқаның» мемлекеттік тапсырысына 5 млн. теңге бөлгені есімнен кетпейді. Бұл 2002 жылы әжептәуір жақсы қаржы болатын. Осы істі редактор болып келген Төлеш әрі қарай сәтімен жалғастырып, «Сарыарқа» газетінің дербес компьютер орталығын құрды. Редакцияның газетті баспаханада беттеу тәуелділігінен құтқарып, оларға басылу мен қағаз шығыны үшін ғана төлейтін жағдайға қол жеткізді.

Бас редактор қызметін 14 жыл бойы атқарған кезінде ол редакцияға журналистердің жаңа легін топтастырды, көптеген жас буынды мамандыққа шыңдап тәрбиелей білді. Қалалық газеттің аймақтық деңгейде болуына күш салды. Оқырман көңілінен шығар ойлы дүниелердің жүйелі жазылуын басты бағытқа айналдырды. Қалай десек те, Төлеш қаламгердің бүкіл шығармашылық жолы газет ісімен, оның ішінде аймақ баспасөзінің қарашаңырағы «Сарыарқаның» өсіп-өркендеу кезеңімен байланысты болғанын жақсы білеміз. Кейінгі уақытта ол теледидение саласына ауысып, онда да өзінің ілкімді ізденістерімен көрінуде. Қалалық «Дидар» телеарнасында 2017 жылдан бастап директордың орынбасары қызметін атқаратын Төлеш Асановтың тележурналист ретіндегі хабарлары да көрермен көпшілікке таныла бастады. Осы мақаланы жазар алдында әріптесіміздің кейінгі кәсібінің жай-күйінен де сыр тартқан едік.



– Төлеш, газет саласына ұзақ жыл бауыр басқан біздерге баспасөздің қадір-қасиеті ерекше сезілетінін білесің. Қазір сен бұрынғы кәсібіңе қарағанда тың сала – телевизияда түрен салып жүрсің. Өзің қалай ойлайсың? Былайша айтқанда, бұқаралық ақпарат құралының осы екі түрінің өзіндік айырмашылығы мен ерекшелігін қалай сезініп жүрсің?

– Иә, мен қырық жылдай газетте жұмыс істеген адаммын. Газет тірлігінің секретариаттан бастап барлық сатысынан өттім. Сондықтан газеттің жұмысы менің өміріммен әбден біте қайнасып кеткендей. Міне, телевизияға жұмысқа ауысқаныма үш жылдың жүзі болса да, хабар жүргізу барысында аузыма әлі күнге дейін «көрермендер» деген сөздің орнына «оқырмандар» түсіп кетіп жататыны соның әсері емес пе...

Газет пен телевизияның екеуі де журналистиканың өрісі демесең, ақпарат жеткізудегі құралдары мен әдіс-тәсілдері екі бөлек өндіріс. Бейнелеп айтқанда, газетте «қалам қуаты» алда тұрса, телевизияда «микрофон қуаты» алға шығады. Бірінің құралы – сөз, екіншісінікі – жанды бейне мен сөз. Газеттің өнімі негізінен жеке адамның еңбегі болып табылса, телевизиянікі – ұжымдық еңбек қой. Аймағымыздағы журналистиканың екінші бір мықты мектебі – «Дидар» арнасына директордың шығармашылық мәселелер жөніндегі орынбасары болып қызметке келгенде, алдымен мәтіндерді түзетумен айналыстым, оң жамбасыма келгені де сол еді басында. Хабар жүргізудің машығына, онда да телекамераның алдына тікелей шығу секілді «жасанған жаумен бетпе-бет қоятындай» әдіске біртіндеп бой үйретудемін. Мұндағы күрделілік – мыңдаған көзді бір ойықтан тесілткен камерамен бетпе-бет келу ғана емес, сынай қараған сол мыңдаған көздің алдында айтар ойыңды жаңылыспай жеткізе білу де болса керек. Әрине, қалыптаспаған адамға бұл оңай шаруа емес. Қазақ әдебиеті классиктерінің бірі Ғабиден Мұстафин радиода тікелей эфирге шығудан қашқақтайды екен. Ол, әрине, майталман сөз шеберінің тіл байлығының кемістігінен емес, жазуға үйренген адамның топ алдында суырылып шығып, сөз сөйлеуге машықтанбағандығынан деп түсінеміз. Дегенмен, жалпы, газеттен кетіп, телевизияға келгеніме қазір өкінбеймін. Қашанда алдыңда сен үшін тылсым дүниелерді талмай игеру мүмкіндігі тұрғанға не жетсін! Ол – мен үшін өмірдің қозғаушы күшінің бірі әрі бірегейі, – дейді Төлеш ойға түйгендерін алға тартып.

Негізінде кәсіби журналист үшін қай саланың болмасын жаттығы жоқ. Ең бастысы бойда шығармашылық қуат, білім мен біліктілік болсын деңіз. Бұл тұрғыдан біздің әріптесіміз айтарлықтай алда тұратыны анық. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Төлеш Асанов Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының алғашқы лауреаттарының бірі, Жезқазған қаласының әкімі дербес тағайындаған «Алтын қалам» сыйлығының иегері. Баспасөзге қатысты байқауларда да топ жарып, жүлдегер атанып жүр. Журналист мамандығының бір ерекшелігі, күн-түн демей мазасыз ой кешіп, үнемі ізденіс үстінде жүреді. Ал, көркем шығармаға бойұрған жан болса шығармашылық жолындағы толғаныс тіпті еселене түспек. Қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасымен көрінген Төлештің де бұл тұрғыда ойға алғандары мен шығармашылық жоспарлары аз емес сыңайлы. Әр жылдары жазылған әңгімелерінің қатарына жаңа туындылардың қосыларына сенімді. Теледидар өнімдеріне де үлес қосып, аймақ адамдарының бейнесін сомдайтын тартымды телесюжеттер жасағысы келеді. Иә, қаламгердің шаңқай түсі енді басталды. Жазары мен айтары әрдайым таусылмасын дейік.

**Амандық РАХҰЛЫ**

ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

# ЕЛ ЕРІМЕН ЕҢСЕЛІ



Уақыт өз дегенін жасайды. Жыл өткен сайын бізге Ұлы Жеңісті сыйлаған ардагерлеріміз бен тыл жұмыстарында аянбай тер төккен жандардың қатары сиреп барады. Сондықтан Ұлы Жеңістің авторлары – майдангерлерімізді сыйлап, құрметтеу, оларға қамқорлық жасау басты борышымыз! Осындай бейбіт өмір үшін қасық қаны қалғанша күрескен майдангерлеріміздің бірі – **Мырзағали Байбосынов.**

Ұлы Отан соғысының ардагері, ұстаз, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі Мырзағали Байбосыновтың құжаттары архивке қабылданып, мемлекеттік мұрағатқа тұрақты сақтау қорына алынған. Архивтегі №322-ші Кеңес Одағы батырлары және Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің топтамасына құжаттары енгізілген. Мемлекеттік архивке өткізілген құжаттары – мақалалары, хат алмасулары, жеке құжаттары, өмір өткелдері туралы естеліктері, өз қолымен жазылған қолжазбалары.

Мырзағали Байбосынов 1916 жылы Қарсақбай ауданына қарасты (Ұлытау ауданы) Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. 3 жасында әкесінен айырылады. Мырзағали Байбосыновтың естеліктерінен бала кезінен жетімдіктің, жоқшылықтың тауқыметін аз тартпағаны байқалады.

1928 жылы қыркүйекте ірі байлардың малдарын кедейлерге таратып жатқан уақытта Мырзағали Байбосыновтың да үйіндегілері бір түнде тегіс Сыр еліне көшіп кетеді. Бұл хабарды бала Мырзағали Байқоңырдағы әкесінің інісі Бибосын ағайынның үйінде балалармен ақсүйек ойнап жүргенде естиді. Анасын сағынған Мырзағали поездға мініп Қарсақбайға келеді. Бұл жерден анасының Сырдарияның оңтүстігіне қоныс аударғаны жайлы хабар алады. Жосалы станциясына келіп поезға отырып Сыр еліне де жетеді. Сұлутөбе станциясына келіп, мұнда көшіп келген наймандардың базарда сауда жасайтынын естіп базарға келеді. Сол жерден анасын көріп, сағынып қауышады. Тағдырдың жазуымен көп ұзамай анасынан айырылады.

1928 жылдан Арыс қаласындағы жетім балалар үйінде тәрбиеленеді. Мектеп қабырғасынан бастап қоғам жұмысына белсене қатысып, мектеп бойынша пионер вожатый болып сайланады. Киров атындағы жеті жылдық мектепте оқып, қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген ұстазы Абдолла Жұмағалиевтан дәріс алады.

1936 жылы Арыстағы балалар үйінде 7-сыныпты мақтау қағазбен бітірген Мырзағали Байбосынов сүйікті ұстазы Абдолла Жұмағалиевтың өзіне өмірлік бағыт, жанашырлық ақыл бергенін еске алып: «Ұстазым бір күні мені қасына шақырып алды да: «Әй, Мырзағали, сенің еліңді көрмегелі аттай сегіз жыл өтіпті. Бәрі үргін-сүргін ашаршылықтың кесірі ғой. Елінде кімнің бар, кімнің жоқ екендігін білмейсің. Сен енді ешқайда барма, тура Қызылордаға тарт. Сондағы педагогикалық училищеге барып, оқуға түс. Қарсақбайың тиіп тұр ғой», – деді біртүрлі қамқор үнмен. Мен ұстазымның ақылын тыңдадым. Өзім қатарлы 12 баламен бірге Қызылорда қаласына көп ұзамай жүріп кеттік. Сонда біз мінген машинаның соңынан қарап, қайта-қайта қолын бұлғаған ұстазымның бейнесі көз алдымнан көпке дейін кетпей қойғаны әлі есімде. Бәрін де кейін білдім ғой. Тарихта аты аңызға айналған адамның шәкірті болғанымды мен де өз шәкірттеріме өмір бақи мақтанышпен айтып келдім ғой».

1936 жылы Қызылорда қаласындағы педагогикалық училищеге оқуға түсіп, аталған училищені 1939 жылы бітіріп шығады. 1939 жылы оқу бөлімінің нұсқауы бойынша Шиелі ауданы Ыбырай Жақаев атындағы колхоз мектебіне мұғалім болып, одан кейін мектеп меңгерушісі болып қызмет істейді. Ұстазы Абдолла Жұмағалиев айтқан ақылын есіне алып, көп ұзамай туған жері Қарсақбайға оралады. Мұнда да көп тұрақтай алмайды.

1939 жылдың 18 қазанында міндетті әскерге шақырылып, Амурдағы Комсомольскіде 33 жаяу-әскер дивизиясында міндетін атқарады. Елге оралуға аз қалғанда 22 маусым 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, Владивостокқа аттанады. 1941-1942 жылдары Москва түбінде 33 жаяу әскер дивизиясында неміс басқыншыларына қарсы соғысады. Мәскеу түбінде атқыштар полкінде болған жауынгер Мырзағали жаудың талайымен бетпе-бет ұшырасты. Есесін жіберген жоқ. Көздегенді мүлт жібермейтін мергендігі, алысқанды жамбасқа алып ұратын балуандығы Мырзағали сынды қазақ жігіттерінің айбынын асырды. Ұрыс даласында жеңіл жарақат алса да, оны елемей, қайсар мінез танытып, ерліктің үлгісін көрсеткені үшін қазақ жауынгері Мырзағали Байбосыновтың ең алғаш «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталуы жігерін одан әрі ұштай түскен еді.

Ржев қаласын жаудан азат ету үшін болған шайқас, өлім мен өмір арпалысы Мырзағали әкейдің жадында мықты сақталып қалыпты. Сол жайлы әкейдің естеліктерінде былай жазылған екен:

– 1942 жылдың 22 сәуірінде Ржев түбіндегі ұрыста ауыр жараландым. Сол кездегі әскери дәрігерлердің қолдарының жеңілдігіне, білімдерінің тереңдігіне әлі күнге дейін таң қаламын. Ауыр жарақатпен госпитальға әлсіреп, саутамтығым қалмай келіп түскен мені дәрігерлер бас-аяғы 17 күнде аяғымнан тұрғызып, емдеп шығарды. Сөйтіп, майдан даласына қайыра аттандым...

Емделіп шыққан Мырзағали Байбосынов 104-ші гвардиялық дивизияның құрамында батысты бетке алған мыңдаған жауынгерлердің сапында болды. Осындағы 82-ші артполкте қызмет етті. Великий Лук қаласын жаудан азат етуге қатысты. Сол қаланың батыс жағымен жүріп отырып, Витебск, Бабруйский, Слуцк қалаларын және жүздеген деревняларды жау шеңгілінен құтқаруға ат салысады. 20 сәуір 1942 жылы соғыста көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

Кеңес әскерлері Венгрия шекарасына жеткен кезде Будапешт қаласын алу жолындағы кескілескен шайқастар басталды. Соғыс басталғалы екі жарақат алған жауынгер Мырзағали үшіншісіне тағы тап болады. Дәрігерлердің арқасында сапқа қайта қосылған жауынгер Вена қаласын азат еткендердің қатарында болады. Басқыншы жауды тас-талқан етуге бар күш-жігерін жұмсаған Мырзағали Байбосынов Ұлы Жеңістің ұмытылмас сәтін Германияның Мюньхен қаласында қарсы алады.

Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтап, 1946 жылы туған жері қара шаңырақ Қарсақбайға қайтып оралады. 1949 жылы үлкен Киіктегі Қоңыртөбе бастауыш мектебіне мұғалім, 1953-1969 жылдар аралығында Пионер, Өрнек бөлімшілерінде мұғалім болып жұмыс істейді.

Мырзағали ақсақалдың туған ауылы Қарақұмда 1949 жылға дейін ешқандай мектеп салынған жоқ болатын. Бірде аудандық білім бөлімі Мырзағали ақсақалды Үлкен киіктің Қоңыртөбесіне бастауыш мектеп салу тапсырмасымен туған ауылына жібереді. Мырзағали Байбосынов бұл істен де бас тартқан жоқ. Ауыл адамдарын ұйымдастырып, жазғы екі айда демалыс кезінде екі бөлмелі шағындау үй салып, оны мектепке айналдырды. Міне, содан бастап қай жерде мектеп жоқ, қай жерде мектепте жұмыс нашар жүрсе, жауынгер ұстаз сол жерден табылатын болды.

Тәжірибелі ұстаз, соғыс және еңбек ардагері Мырзағали Байбосынов құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін Қарсақбай кентіндегі қазақ орта мектебінде жемісті еңбек етті.

1969 жылы еңбек демалысына шыққан соң Жезқазған қаласына қоныс аударды.

Мырзағали Байбосынов мәрт мінезді, әскери тәртіптің адамы болды. Сұрапыл соғыстың сабағы майдангерді антқа, сөзге беріктікке, ұқыптылыққа бейімдей түсті. Соғыстан кейінгі барлық санаулы ғұмыры, бар күш - жігері мен білімін жас ұрпақты оқытуға, тәрбиелеуге арнаған ардақты ұстаз бойындағы сондай жақсы қасиеттерін шәкірттеріне дарыта білді. Ұлы Отан соғысынан кейін алыстағы Қарақұмдағы бөлімше, шаруашылық орталықтарында мектеп салу, оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайту және ел ішінде сауатсыздықты жою, білім беру, тәрбиелеу істерін жетілдіруге ерекше күш жұмсаған қарапайым ауыл мұғалімінің еңбегі еленбей қалған жоқ. Мырзағали Байбосынов 1957 жылы Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі белгісімен марапатталады.

Зейнет жасына келгеннен кейін де Мырзағали ақсақал үйде тыным тауып отырмады. Жастарға адамгершілік, имандылық туралы сыр шертіп, елін, жерін сүюге, ата-баба мұрасын дәріптеуге, салт-дәстүрді сақтауға шақырды. 1923-1924 жылдары Абдырахман қожадан арабша оқып, хат таныған Мырзағали Байбосынов шариғат жолын берік ұстады.

Мырзағали ақсақал жұбайы Патшайым Ахметқызы екеуі тоғыз баланы дүниеге әкеліп, олардан немере, шөбере, шөпшек сүйіп бақытқа бөленді.

Мырзағали әкей Елбасы Н.Ә.Назарбаевты 1991 жылы 27 қарашада әуежайда шығарып салу салтанатының үстінде бетпе-бет кездесіп, қолын алып, халық үшін туған ұлға өзінің жүрек жарды ақ батасын берді. «Батамен ер көгереді» дегендей Ұлытау өңірінде, Едігенің жұртын мекен еткен көнекөз қарияның батасы қабыл болды да.

«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – үлгі» бабаларымыздың әрбір жүріп өткен жолы – біз үшін үлгі, шежіре, тағдыр-тарих. «Ел ерімен еңселі», «Елім» деп еңіреп туған ерлердің есімі еш уақытта елеусіз қалмайтыны ақиқат. Халық мұндай қаһарман ұлдарының өшпес ерлігін ауыздарынан тастамай, жүрегінде сақтайды. «Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ел жетесіз» деп атам қазақ бекер айтпаған ғой. Біз ата тарихын саралап, тарих қойнауын аралап, ұлыларымызды даралаудамыз. Ондағы мақсат — ұлыларды зерттеп, олардың мол мұрасын кейінгі ұрпаққа аманат ету.

Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві әдебиет, өнер, жеке қорларжәне ақпараттар мен құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің жоғарғы санатты

# БОҚАЙ БЕКТҰРҒАНОВТЫ БІЛЕСІЗДЕР МЕ?

Обобщенный компьютерный банк данных Министерства обороны РФ (ОБД "Мемориал")



Қазан қаласында тұратын Хатира Мансурқызы Марданшинадан «Здравствуйте, Абдолла. Земляк Ваш после 4 лет заявки нашелся. Как и Ваш дед. Случайно зашла на поиск» деген сүйіншілеген хабар жетті. Жолданған мерзімі Мәскеу уақытымен 2020 жылғы 19 мамыр, сағат 01.24.

Хатира Мансурқызы – 2014 жылы менің соғыста хабар-ошарсыз кетті деп жүрген атам Дастан Самырза баласының қаза тапқанын, қайда жерленгенін тауып, анықтап берген ресейлік іздестіруші. Сол уақыттан бері ол кісімен байланысымыз үзілген емес, біршама адамдардың соғыста хабарсыз кеткен әкелерінің, аталарының дерегін нақтылауға көмектесіп келеді. Енді, міне, Боқай Бектұрғанов есімді атамыздың қайда жерленгені туралы нақтылы құжаттарын жолдапты. Сол құжаттар бойынша сөйлейтін болсақ, Боқай Бектұрғанов әскерге Жезқазған ауданынан, Талап колхозынан шақырылған. Әйелінің есімі Қазия екен.

Менің байқауымша 2016 жылғы 29 наурызда Б.Бектұрғановтың ұрпақтары немесе туысқандары оған іздеу салғанға ұқсайды. Іздеу мәтіні «Бокай Бектурганов. 1902 г.р. уроженец Карагандинской обл. Улутауского р-на. К-за Талап. Призван в апреле 1942 Джезказганским РВК. Пропал без вести в феврале 1943. К сожалению больше нет никаких данных» деп қана қысқаша жазылған секілді. Іздеу парағында «Бектурганов Акышбек, Бектурганов Ахмет, Бектурганов Калдыбай – братья. Отец Корпебаев Бектурган, жена Рахымбеккызы Казия, сестра Бектурганова Мариям» деген қосымша деректер берілгеніне қарағанда, осы кісілердің бірі немесе Боқай Бектұрғановтың отбасын, әулетін жақсы білетін кісінің оны іздестіргені байқалады. Өйткені, іздеуге ағайын-туыстың есімдерінің, тұрған, өскен жерлерінің атауларының да жақсы септігі тиіп қалады. Бір нәрсе анық, бұл – бұған дейін Боқай Бектұрғанов «хабар - ошарсыз кеткен» деп есептеліп келген. Хатира Мансурқызы да сүйіншілеген хабарын «Бектурганов Бокай. НЕ ПРОПАЛ, ПОГИБ» деп айдарлап жіберіпті.

Соғыста хабарсыз кеткендердің мәлімет, деректерін іздестіре жүргенде бір байқағаным, «Хабар-ошарсыз кетті» делінетін құжаттардың көпшілігі соғыстан кейінгі жылдары толтырылған. Қалай сонда? Соғыс біткен соң елге оралмағандардың, «қара қағаз» келмегендердің отбасы, туған-туысқандары аудандық, қалалық әскери комиссариаттар арқылы іздестірген. Олардың аты - жөндері де, туған жылдары да әрине, сол іздеу салып тұрған адамдардың айтуы бойынша жазылған. Егер әскери комиссариаттан «хабар-ошарсыз кетті» деген анықтама берілсе, отбасына әлеуметтік жәрдем көрсетілетін болған. Меніңше, әскери комиссариаттағылар жауынгерді нақтылап іздестіру орнына әлгіндей анықтама беріп құтылуды жөн санаған секілді. Б.Бектұрғановтың да «хабар-ошарсыз кетті» деген құжаты да 1946 жылы Жезқазған аудандық әскери комиссариаты арқылы толтырылған. Сол құжат енді күшін жоятын болады. Өйткені...

Боқай Бектұрғановтың 1943 жылғы 4 маусымда, осыдан 77 жыл бұрын, Смоленск облысы, Велижск ауданы, Күрмелі деревнясында қаза тауып, жерленгені туралы нақты құжат табылды. Рас құжатта оның фамилиясы Бектурбанов,

53033255

| | |
|---|---|
| Фамилия | Бектурбанов |
| Имя | Бухай |
| Дата рождения/Возраст | __.__.1902 |
| Место рождения | Карагандинская обл., к/з Талан |
| Дата и место призыва | Карагандинский РВК, Казахская ССР, Карагандинская обл. |
| Последнее место службы | 332 сд |
| Воинское звание | красноармеец |
| Причина выбытия | убит |
| Дата выбытия | 04.06.1943 |
| Первичное место захоронения | Смоленская обл., Велижский р-н, д. Курмели, северо-западнее, 800 м, лес |
| Название источника информации | ЦАМО |
| Номер фонда источника информации | 58 |
| Номер описи источника информации | 18001 |
| Номер дела источника информации | 299 |

есімі Бухай деп көрсетілген. Талап колхозын да к/х Талан деп көрсетіпті. Нақ осы құжатта оның әйелінің аты-жөні Бектұрғанова Қазия екені анық жазылған. Іздеушілер тапқан тағы бір құжатта алғашында Күрмелі деревнясының маңындағы орман ішіне қойылған сүйектің кейін Велижа қаласындағы Лидова кешеніндегі бауырластар зиратына қайта жерленгені де жазылған. Бірақ, оның есімі сондағы ескерткіш белгіге жазылған ба, жоқ па? Бұл жағы беймағлұм. Ең бастысы, жоқ табылды. Ердің хабары шықты.

Боқай Бектұрғановтар әулетінің бірі болмаса бірі, әйтпесе, ол кісілерді білетіндердің біреуі осы мақаланы оқып отырған шығар. Мүмкін, іздеушілердің өздері де осыдан 4 жыл бұрын іздеу салған азаматтармен тікелей байланысқа да шыққан болар. Қалай болғанда да қазағымыздың, соның ішінде өзіміздің өңірдің бір азаматының араға ондаған жылдар салып дерегі шығып, жатқан жерінің табылып жатқанының өзі зор қуаныш, үлкен той емес пе? Сондықтан қуанышты бөліскенді құп көрдім. Екіншіден, Ұлы Жеңістің 75 жылдығын атап өтсек те, қаншама жүздеген, мыңдлаған адамдар әлі де соғысқа аттанған аталарын, әкелерін іздестіруде. Ешқашан үміт үзуге болмайды екен. Боқай Бектұрғанов тағдыры – соның айғағы.

**Абдолла ДАСТАНОВ**

**Қазақ металлургиясының астанасы Қарсақбайдан Берлинге дейінгі ара қашықтық 4631 шақырым болады екен. Бұл әңгіме осы ара қашықтықты Екінші дүниежүзілік соғыстың қанды қырғын майданының соқпақтарымен 1365 күнде кешіп өтіп, Рейхстагта Жеңіс туын тігіп, еліне аман-есен оралған ержүрек жауынгер Бектай Әбсаттаров туралы болмақ. Басқалай айтқанда, 69-ыншы гвардиялық Қызылтулы, «Александр Невский», «Суворов», «Кутузов» орденді, Сандомирлік танкілер полкінің Т-34 танкісінің зеңбірек командирі – Бектай майдангердің өз қолымен жазып қалдырған естеліктерінен үзінділерді оқырманға ұсынуды жөн көрдік.**

# ҚАРСАҚБАЙДАН БЕРЛИНГЕ ДЕЙІН...

**Старый Руссо жерінде болған еді...**

Біз он үш жас жігіт 1942 жылғы 17 маусымда Қарсақбай кентінен соғысқа аттандық. Бізді бірден Куйбышев облысының Тоцк темір жол стансасында орналасқан 11-ші запастағы атқыштар бригадасына жіберді. Бұл жерде үш ай бойы химиялық барлаудың барлық жөн-жосықтарына үйретті. Сол кездегі деректер бойынша фашистердің химиялық соғысқа дайындығы өте жоғары-тұғын. 1941 жылы неміс армиясында гаубицалардың 2 миллион химиялық снаряды және 500 мың ауыр снаряды болған еді. Химиялық оқ дәрілер қоймаларынан немістер майданға күніне 10 эшелон жіберуге дайын болды. Біздің міндетіміз жау қолданатын улы заттың табиғатын анықтау, қорғану шараларын уақтылы қабылдау үшін немістердің химиялық шабуылды бастағанын білу, Кеңес әскерінің қарсы шабуылын бастау мақсатында химиялық қауіптің аяқталуын анықтау болды. Мұның бәрі бізге химиялық шабуылды тойтаруға дайындығымызды жоғарғы деңгейде қамтамасыз ету міндетін қойды. Оқу қиынға соқты. Суворов айтқандай «жаттығу қиын болса соғысу оңай болады». Сөйтіп қыркүйек айында бізді майданға жөнелтті.

Мен Старый Руссо түбіндегі Эльмень көлінің маңайында орналасқан Солтүстік-Батыс майданының 353-інші жеке пулеметті-артиллериялық батальонына тап болдым. Бұл жерде Кеңес әскерлерінің қоршауында қалған 16-ыншы неміс армиясы тұрды. Мен тоғыз адамнан тұратын пулемет бөлімінің командирі едім. Біздің міндетіміз өзара былай бөлінді: үш адам пулемет пен танкіге қарсы мылтық қасында күзетте болады, үш адам дем алады, ал үшеуі жеркепенің ішіне жиналған лай суды котелоктармен қайта-қайта сыртқа тасиды. Біз бұл жерде қоршаудан шығуға ұмтылған неміс бронетранспортерлерінің шабуылын тойтарумен екі ай тұрдық. Ақпан айының аяғында қолбасшыдан шабуылға шығуға бұйрық алынды. 25 ақпанда, таңертең шабуылға шықтық. Бейтарап кеңістіктен өтіп, қалың қар басқан неміс дзотының алдындағы ашық алаңға жеттік. Фашистер пулеметтен толассыз оқ жаудырды. Көптеген жауынгер сол жерде қаза тапты. Біз қардың астына тығылып еңбектеп алға жылжуға мәжбүр болдық. Амбразураның алдында жар бар еді, біз соған секіріп түсіп, тыныс алдық. Дзотты құрту үшін алмұрт тәрізді гранаталарымызды дайындай бастадық. Бірақ олар бізді байқап қалып үстімізден граната жаудырды. Жарылыс толқынымен жан-жаққа ұшып кеттік, мен есімнен танып қалдым...

Есімді жисам неміс жеркепесінің сатысында жатыр екенмін. Жан-жағымда ауыр жарақаттанғандардың айқайы, ыңқылы құлақ тұндырады. Жеркепе іші тастай суық. Үш күн бойы санитарлық көмек көрсетілген жоқ. Тек төртінші күні ғана шанамен медбике келіп, бізді жақын маңайдағы темір жол разъезіне жөнелтті. Жауынгерлік госпитальге мен жаралы болғаннан кейінгі бесінші күні ғана жеттім. Бұл жерде дәрігерлер рентгенге түсіріп денемде көптеген оқ жарықшақтары бар екенін анықтады. Көбісі операциямен алынды, ал өкпемде тұрып қалған темір жарықшақтары алынған жоқ, ол кездегі медицинаның мүмкіншілігі де соғыс кезіндегі қауырт уақыттың да мүршасы болар, міне 57 жыл бойы сол темірдің жарықшағы әлі де денемде «сақтаулы» жүр...

Тек көп жыл өткен соң ғана, майдандастармен кездескен кезде, бізге сол жерде көмекке келген рота жауынгерлерінің неміс дзоттарын талқандап шабуылға шыққанын естіп білдім...

**Курск доғасындағы шайқас**

1943 жылдың шамамен 5-6 шілдесінің түнінде жаудың шабуылынан хабардар болғандардың бәрінде де ұйқы болмады. Орудия командирінің айналмалы орындығынан тұрып, сағатыма қарасам үш жарымды көрсетіп тұр екен. Жоғарғы люкті ашып танкіден шығып аяғыммен трансмиссиялық бөлімшенің үстіне тұрдым. Түнгі таза ауаны құшырлана жұтып жан-жағыма қарадым. Ағаш арасынан анда-санда құстардың үні естіледі. ...Таң алдындағы жарты сағаттан кейін кеңес артиллериясы күшті қарсы дайындық жүргізді. Қолға түскен тұтқынның айтуынша, бұл күшті отты соққы болды. Артиллериялық қарсы дайындық бастапқы межеде орналасқан неміс әскерлеріне елеулі шығын әкелді, жаудың шабуылға шығуына кедергі жасалды.

Қарсыластар шешуші шабуылға көшті. «Айдан анық, жау Обоянск шоссесіне шығуды көздеп отыр» деді полк командирі, «ол күшті танкілік таранмен біздің қорғанысымызды бұзып өтпекші, барлық взвод, рота командирлеріне шабуылдың басталғандығы туралы хабарлау керек, бөлімдерді жауынгерлік даярлық жағдайына келтірсін» деген команда естілді.

Люктердің есіктері тарсылдап жабылып, мотор үні гүрілдеп орманға жан бітті. Шлемнің наушниктерінен полк командирінің «Гвардияшылар жауға қарай алға!» деген даусы естіліп жатты. Алдымызда ауыр сынақ тұрғанын барлық жауапкершілікпен түсіндім. Обоянск тас жолындағы қозғалыс толассыз болды. Біз бастапқы жауынгерлік межеге жеткенде кеш те түсе бастады. Сонымен 69-ыншы гвардиялық танкілер полкі Яковлева селосына жетті. Біз қандай жағдай болса да жауды Обоянскіге жібермеуіміз керек. Бірақ жау «Жолбарыстары» мен «Пантераларын» жүздеп, екі жүздеп шабуылға шығарды. Біздің танкішілер олардың біржағын ойсыратса, екінші жақтан жаудың танкілері толып шыға келеді. Бұл тарихта болмаған өмір мен өлім арасындағы қантөгіс танкілер шайқасы еді. Біздің алдымызда тұрған бірінші эшелонның дивизиясы жаудың күшті екпінімен кейін шегінді. Гитлершілерге қатты соққы бере отырып біздің әскерлер алдын ала дайындалған межеге – майдан шебіне ұйымдасқан түрде шегінді.

Қарсы соққы беру туралы бұйрықты орындау кезеңі жеткендіктен біз танкімізбен алға ұмтылдық. Даланы танкілер моторының үні алып кетті. Тасада тұрған Т-34-шілер соғыс тәртібімен жауға ұмтылды. Танкілердің артынан жаяу әскерлер ерді.

Мен зеңбірек командирі болғандықтан қатты қобалжыдым. Себебі немістердің «жолбарыстары» мен «фердинандтарының» жуандығы 88 мм болатын зеңбірегі біздің танкілердің бронын 2 км қашықтықтан тесе алатын еді. Мұндай жағдайда біздің «отызтөртіншілер» ашық соғыста жеңіске жете алар ма екен деп ойладым. Жаудың ауыр танкілерінің осал жерлері де бар еді. Ауыр болат танкілер ыңғайсыз шабан жылжитын мұнараларын бізге қарай бағыттап бұрғанша жеңіл маневрлі «отызтөртіншілер» бірнеше рет нысаналы атып үлгеретін. Дегенмен, менің ойлағанымдай біраз шығынға ұшырадық.

Қарсыластар кезекті шабуылға шықты. Олар Обоянск тас жолының бойындағы майданға саны 200-ден асатын танкісін шығарды. Үлкен шығынмен жаудың шабуылын тойтардық. Біздің позицияға шабуылдаған жаудың бомбалаушыларын біздің истребительдер қуып тастауға тырысты. Негізінде от пен қалың түтін арасында не болып жатқанын айту қиын еді. Шабуыл арасындағы қысқа үзілісте люкті ашып, басымызды шығарып, ауа жұтып жеңілдене демалып бір-бірімізді қысқа жеңіспен құттықтадық. Сөйткенімізше болған жоқ жаудың кезекті шабуылы басталды. Тасада тұрған біздің танкілер гитлершілерді тура ату қашықтығына жіберіп алып, оларды осал жерлерінен көздеді. Біздің кейбір танкілер топтасқан ауыр және орташа тан -кілерді айналып өте бастады. Біздің позицияға жақындаған жау танкілерін артиллеристер мен танкистер қалың оқпен қарсы алды. Жау майданда оққа ұшып жанған машиналарын тастап, шегіне отырып қайта шабуыл жасаумен болды. Корпус позициясының алдындағы дала да, қыр да, орман да ойылған шұңқыр, қираған техникаға толы үлкен өрт алаңына айналды.

Гитлершілер Обоянск бағытында елеулі жетістікке жете алмай, бәсең шабуылға көшті. Жау қыруар күш жұмсай отырып қорғанысымызды түбіне дейін бұза алмағандықтан біздің табандылық көрсететінімізге сеніміміз молая түсті. Танкистер, артиллеристер мотоатқыштар адам айтқысыз шыдамдылықпен күрескенін көріп менің де үмітім ұлғайды.

... Күндіз біздің полктың позициясына жаудың 30 танкісі бет бұрғанда біз бұйрықты күтіп, шайқасты бақылап резервте тұр едік. Алдымызда танкіге қарсы ататын зеңбіректер тұрды. Жаудың бірнеше танкісі тойтарылды. Бір кезде оң қанаттағы төбенің үстінен бірнеше «жолбарыс» шыға келді де тура батареяға қарай ұмтылды. Алайда олардың снарядтары таусылып ататын оғы болмады. Бірнеше минуттан кейін зеңбірек расчеттары тапталуы сөзсіз еді. Бір кезде олардың қасынан снаряд жарылды, бәрі де қаза тапты. Біздің шыдамымыз таусылып, менің танкім және басқалар орнымыздан қозғалдық. Орманнан шыға үлкен жылдамдықпен келіп, таранмен неміс танкілерін соғып аударып тастадық. Мен тараннан кейін соңғы күшімді жинап жанып жатқан танкіден әзер шығып үлгердім. Құлақ тұндырар қатты соққыдан контузия алдым. Одан кейін не болғанын білмеймін, есімді жисам санитарлық бөлімнің палатасында жатыр екенмін...

**Берлинге шабуыл**

...Кеңес әскерлері Германия жеріне толық аяқ басып Берлинді шабуылдауға дайындық жасап жатты. Біздің бірінші гвардиялық танкі армиясы басты соққының нағыз басында тұрып немістерді барлық жолында дем алдырмай соңына түсіп отырып үнемі қуумен болды.

69-ыншы гвардиялық танктер полкінің танкистері Данциг пен Гдыняда ауыр шайқастарды бастарынан өткізді. Бұл жерлерде немістер бізге қарсы «бендеровшілер» мен «власовшыларды» қарсы қойды. Олар бізге қарсы соңғы фауст-оғы қалғанша соғысты. Фауст-оқтарымен біздің танктерден танк қалдырмай атқылады. Оларға жақын барып танктың шынжыр табанымен жанышпайынша олар тұтқынға берілген жоқ. Егер олардың фауст-оқтары таусылып қалған болса, олар берілмей танктың астына түсуге ұмтылады немесе қаша жөнеледі. Біз оларды танкімен қуып жүріп шынжыр табанымен жаншуға мәжбүр болдық.

1945 жылдың наурызында қарсыластардың негізгі күштері аяғына дейін талқандалды. Соңғы шешуші Берлинді шабуылдау операциясына даярлық басталды...

Берлинге шабуылдың алдында біздің армия, оның ішіндегі біздің полк жаңа әскери машиналармен толықтырылды. Жергілікті жер жаудың жақсы қорғана алуына қолайлы екені анық болды. Батпақты саз өзендер мен ағып жатқан жылғалар, арықтар, көлдер – Кеңес армиясының шабуылға шыққан бөлімдерін абыржытуға ғана емес, сонымен қатар бөлшектеп тастауға да болатын тиімді рельеф еді. Танкистер үшін де қиындықтар болды. Одердің батыс жағалауы батпақты сазды су басып жатқан жер. Оның арғы жағында салбыраған тік жартастары бар Зееловский биіктіктері. Сонымен бірге бетондалған немесе ағаш жеркепеден жасалған оқ атылатын нүктелер.

...Әлі есімде, сәуір айының орта кезінде полк армияның басқа да құрамдас бөлімдерімен бірігіп түн қараңғысын жамылып, алдын ала дайындалған уақытша жасалған өткелдермен Одердің сол жақ жағалауына шықты және плацдармда арнайы белгіленген алаңға



келіп тіреліп кірді.

Көп майдандас жолдастарым соғыстың соңғы күндеріне дейін жеткен жоқ. Экипаждың бұрынғы ескі танкистерінен жалғыз қалдым. Берлинді шабуылдау кезінде кенеттен мені өлтірсе, бәрінің де біткені емес пе?!... Міне, сондықтан да «тірі қалсам екен және соғыстан кейінгі кезеңді – кеңес адамдарының қуанышты бақытты өмірін көрсем екен...» деген менің ең соңғы арманым осы болды.

1945 жылдың сәуір айының ортасындағы қай күні екені есімде жоқ, таңғы сағат 5-те Кеңес әскерлерінің «Рейхтың» астанасына соңғы шешуші шабуылының басталғанын мыңдаған зеңбірек құлақты жаратын қатты гүрсілмен хабарлады. Аспанда біздің бомбалағыштардың гуілі толастамады. Артиллериялық даярлықтан кейін жүздеген прожектор жарқ ете қалды. Одердің арғы жағындағы ойпатының бәрі мыңдаған снарядтың, минаның, авиациялық бомбалардың жарылысынан ырғалып будақтаған түтін араласқан көгілдір жарықпен жарқырап жатты. Түтіннің тығыз болғаны соншама, тіпті күшті зениттік прожекторлардың өзі жарыққа жол аша алмады. Жаяу әскерлер мен танкілер тығыз үйіріліп шабуылға шықты. Бізге күшті отты құйынмен доттардың, дзоттардың, танкіге қарсы мүмкін болатын кедергілердің, қоршаулардың және қақпандардың жүйесін жеңіп өтуге тура келді.

...Берлин ішіндегі көшелер үшін шайқастар да басталды. Біздің шабуыл майданының шебі империялық канцелярия мен Рейхстагтан алыс емес «Тиргарден» паркіне тірелетін Вильгельмштрассе көшесі арқылы өтіп жатты. Бізге фаустатқыштар кедергі жасады. Кейбір кезде канализациялық құдықта немесе үйдің подвалында отырып алып көшеге шыққан танкілерді ата бастайды. Қай жаққа қарау керек екенін білмейсің. Біз бәріміз экипажбен бірге көше жаққа шыққан кезде біздің танк өз орнында тұр екен, радист-атқыш фаустатқыштарға қарсы пулеметтен оқ жаудырып жатты. Германия жеріне кірген кезде күн сайын шайқаса отырып 5, 10, 15 шақырымдай қашықтықты шабуылмен алатын едік, енді міне алға 5 метрге де жылжи алмай келеміз. Көпқабатты үйлердің терезесінен фаустатқыштардың шыққанын аңдыдық. Атқыштар көрініп қалса болды зеңбіректен шрафнельды және жарқыншақ снарядпен атқылаймыз. Бұрын бір снарядты немістердің бір топ жаяу әскерлеріне жұмсасақ, енді бір фаустатқышқа жұмсауға тура келеді. Осылай үйлердің терезелерін атқылап отырып Берлиннің көшелерімен күн сайын 50 немесе 100 метрге ғана жылжыдық.

Көшелердегі шайқастарда біздің армияның құрамдары осылай шабуыл жасап отырды. Тіпті экипаждар танкіде бір адамын ғана қалдырып автоматпен, гранаталармен қаруланып көпқабатты үйлердегі фаустатқыштардың ізіне түсті.

25 сәуір күні қарсыластардың Берлин маңындағы топтары толық қоршауға алынды, әскерлері апатты жағдайға енді. Берлин гарнизонының тағдыры алдын ала шешілді. Танкінің радиоқабылдағышы арқылы 2 мамыр күні таңертең армия қолбасшысының оқ атуды дереу тоқтату туралы бұйрығын тыңдадық. Бұл қуанышты хабар еді. Жауынгерлер мен офицерлер біріне-бірі құттықтауға ұмтылды. Әркім әрқалай пистолеттен, винтовкадан, автоматтан, зеңбіректен аспанға оқ атқылап бас киімдерін жоғары лақтырды. Жеңістің құрметіне салют аттық. Жау жеңілгенін мойындап, берілді. Берлин отқа оранып, жанып жатты.

Біз 1945 жылдың 9 мамырына дейін Берлинде тұрдық. Орнаған тыныштық арасынан дауыстап сөйлейтін күшейтілген қуатты қондырғылардан Германияның беріліп, капитуляция жасағандығы жайында естіліп жатты. Осылайша «Берлин шабуылы» – шайқасын аяқтап 1946 жылдың 16 наурызында туып-өскен үйіме, Қарсақбайыма оралдым...

**PS. Бұл қанды сұрапыл соғыстың ел аузында жүрген тек үш маңызды кезеңі туралы ғана өз қолымен жазған Бектай майдангердің басынан кешірген әңгімелері... Әрине соғыста үш жыл сегіз айдан аса уақыт болып, жеңіспен Отанына қайта оралған, бүгінде бақилық болған жауынгердің өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық, айтылмай кеткен, жазылмай кеткен, тәрбиелік маңызы зор қаншама әңгімелері жетпей қалды десеңші...!**

**Иә, Екінші дүниежүзілік соғыста елі мен жерінің амандығы үшін қанын аямай төккен қаншама қазақ солдаты қыршынынан қиылып, ерлікпен қаза тапты. Бүгінде майдангерлер қатарын саусақпен ғана санауға болады, оларға лайықты сый-құрмет көрсете алып жүрміз бе деген терең ойлар мен сұрақтар түсінген әрбір адамды мазалайтыны анық! Тарих сабақтарын өз уақыт еншісіне алып, ұрпақ жадына әлсін-әлсін сіңіріп отыру – бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы**!

**Дайындаған Мұталап ӘБСАТТАРОВ**

▌ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**Құрметті Төлеш СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ!**



*Сізді алпыстың асқарына шыққан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз көп кісіде кездесе бермейтін асыл адами қасиеттеріңізбен, жылдар бойы жинаған білім, тәжірибеңізбен өз ортаңызда ерекше құрметке бөленіп келесіз.*

*Осы бір мерейлі сәтте Сізге ұзақ өмір, мықты денсаулық тілей отырып, жылжыған жылдарыңыз Сізді тек жақсылыққа кенелте берсін дегіміз келеді.*

***Құрметпен,* «Saryarqa» газетінің ұжымы және ардагерлері**

# ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 75 ТҮП ТАЛ

**«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы «Ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігі мен «JASTAR BOLASHAQ» жастар одағы Ұлы Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында игі іспен көпке үлгі көрсетті.**



«Атадан мал қалғанша, тал қалсын» қағидасын мықтап ұстанған алып өндіріс ошағы «Қазақмыс» корпорациясы Ұлы Жеңістің 75 жылдығына ерекше сый жасады. Атап айтқанда, «Ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров ағамыздың бастамасымен қаламыз бен даламыздың сұлулығы үшін өнегелі іс өрбіді. Үлкендер ісін жалғаған «JASTAR BOLASHAQ» жастар одағы да аталған белсенділік танытты. Осы іс арқылы қала көркіне көрік қосып, ұрпағымызды табиғат анаға қамқорлық танытуға, бірлікке, ұйымшылдыққа баулуды мақсат тұтқан шара ұйымдастырушылары корпорацияға қарасты барлық кәсіпорындардың ауласына және қарашаңырақ Қарсақбай кентіндегі академик, ғұлама-ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы музейдің ауласына жас көшеттер отырғызды. Егілген жас көшеттер қатарында хош иісті сиреньдер мен терек те бар. Жалпы бүгінгі күнге дейін 100 түптен артық жасыл желек отырығызылды.

Қоршаған ортаның жақсаруына зор үлес қосып, қаланы жасылдандырып, шырайын кірігізіп жүрген бастамашыл топқа алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

▌ТАҒЗЫМ

# ЕСТЕЛІК БҰРЫШ АШЫЛДЫ

**Өткен жылдың соңында қазақ елін дүрліктірген әуе апатынан аман қалғанда ІІМ құрметті ардагері, әділет генерал-майоры Рүстем Қайдаров 18 мамырда сексеннің сеңгіріне шығар еді. 1985-1990 жылдар аралығында Жезқазған облыстық ішкі істер басқармасын басқарған нар тұлғаға жезқазғандық полицейлер естелік бұрыш ашты. Жезқазған қаласы полиция басқармасы музейінің төрінен орын алған бұрышқа генералдың фотосуреттері, түрлі құжаттары мен жеке бұйымдары, формасы қойылды.**



Естелік бұрыштың лентасын қиюға арналған жиынды Қарағанды облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Құрманғали Исмағұлов ашты. Ол өз сөзіне ұлтқа қызмет етудің үздік үлгісін көрсеткен Рүстем Есімханұлының өнегелі өмірін арқау етті және ішкі істер органдарының ардагері, отставкадағы полковник Аманбек Мұқатаевпен бірге бұрыштың лентасын қиды.

– Бұрынғы Семей облысы Бесқарағай ауданында туған Рүстем Қайдаров еңбекке ерте араласты. 16 жасынан Семей ауылшаруашалығы механицазиялау училищесінде тракторшы, жүк тиеуші, ағаш кесуші, мастер болып жұмыс істеді. 18 жасында әскерге шақырылып, Байкал маңы аудандық округінде борышын өтеген ол әскерден соң ішкі істер органдарының оқуына түсті. 1970 жылы ҚазМУ-да жоғарғы құқықтық білім алды. Алғашында Семей қаласы милиция бастығының орынбасары, Киров аудандық ішкі істер басқармасының бастығы, облыстық атқару комитетінің ІІБ тергеу бөлімі бастығының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарған ол өмірінің соңына дейін ісіне адал болды, – деп генералдың атқарған лауазымды қызметтерін тізбектеген Аманбек Мұқатаев Рүстем Есімханұлының қазақстандық поли¬цияның қалыптасуы мен дамуына, қылмыспен күреске және қоғамдық тәртіпті сақтауға қосқан қомақты үлесін тілге тиек етті. Сондай-ақ, полиция басқармасы жанындағы ардагерлер кеңесінің естелік бұрыш ашу ұсынысына қолдау білдіргендерге алғысын білдіріп, сөз кезегін генералмен қызметтес болған отставкадағы полиция қызметкерлеріне берді.

Алма-кезек мінберге көтерілген ардагерлер өз елінің нағыз патриоты болған генерал-майордың кәсібилігі мен адамгершілік болмысы жайында әңгіме өрбітіп, естеліктер айтты. Ал, Рүстем Қайдаровтың отбасымен бір шатырдың астында тұрып, достықтары сыйластықтан туыстыққа ұласқан Рановтар әулетіннің атынан сөйлеген Сағадат Нәбиқызы көзі жас алып, генералдың айналасына әкелік қамқорлықпен қарағанын жеткізді.

Қызметтік демалысқа шыққан соң да құқық қорғау жүйесінен алыстамай, өмірінің соңына дейін «Генералдар кеңесі» РҚБ Президиумы төрағасы міндетін абыроймен атқарған Рүстем Қайдаров «Пара¬сат», «Құрмет», «Достық жұлдызы», «Отанға қызметі үшін», «Еңбегі үшін» орден-медальдерімен және Қазақстан, Ресей, Украина елдерінің отыздан астам медалімен марапатталған.

**Өз тілшіміз**

# ЭССЕ БАЙҚАУЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

**Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, С.Сейфуллин атындағы кітапхана Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай «Ерлікке тағзым – өсер елдің парызы» атты онлайн эссе конкурсын ұйымдастырды.**

Эссе конкурсының мақсаты – Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандық қаһармандардың ерліктері арқылы Отанға деген сүйіспеншілікті жастардың шығармашылық әлеуетін арттыру, Ұлы Жеңістің 75 жылдығы аясында жастарға қолдау көрсету, шығармашылық ізденістерін дамыту және қолдау.

Конкурсқа 15-29 жас аралығындағы үміткерлер қатысты. Аталмыш конкурста қаламыздың университет, колледж студенттері, мектеп оқушылары белсенділік танытты, қатысушылардан жалпы саны 27 эссе жұмысы келіп түсті. Эссе конкурсының онлайн қорытындысы @zhezkazgantsbs инстаграм желісінде өтті. Қазылар алқасының шешімімен III орынды тау-кен металлургиялық колледжінің студенті Мирас Анарқұлов, №3 жалпы орта білім беретін мектептің оқушысы Алина Бабич және Жезқазған политехникалық колледжінің студенті Сырым Сәтбек жеңіп алса, II орынды Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжінің студенті Нұршат Құлмұратова, №1 жалпы орта білім беретін мектептің оқушысы Қуаныш Рымжан иеленді. I орынға жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхиден лайық деп танылды.

Бүгінгі ұрпақ аға буын – ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Осынау ерлікке толы күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек.

**Әсел БІРӘЛІ,**
**С.Сейфуллин атындағы кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің жетекшісі**

# НИЕТ БОЛСА – ЖҰМЫС БАР

**Қалалық жұмыспен – қамту орталығы мамандарынан құралған рекруттік топ өкілдері «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы жайлы түсіндіру жұмыстарын бастап кетті. Бұған дейін Момышұлы мен Пушкин көшелері, 11-экспедиция және Кеңгір, Талап ауылдары тұрғындарымен кездескен мобильді топ бұл жолы адам көп шоғырланатын «Шаруа» базарының алдына жиналды.**

«Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы аясында қала аймағында 40 инфрақұрылымды жоба іске асады. Аталмыш бағдарлама аясында 550 адамды жұмыспен қамту жоспарлануда. Қазірге дейін 14 мекемемен жұмыс басталып, 80-нен астам қала тұрғыны жұмыспен қамтылды. Бағдарламаға жазғы демалыста жұмыссыз жүрген студенттер де қатыса алады.

Мобильді рекруттік топ қабылдауына келген тұрғындардың басым бөлігі елдегі карантиндік шараларға байланысты нәпақасынан айрылған. Олардың қатарында Қазақстанның түрлі облыстарында жұмыс істейтін тұрғындар да бар. Осыған байланысты екі қолға бір күрек іздеген азаматтарға орталық мамандары арнайы тізім бойынша бос жұмыс орындарын ұсынды.

– Тұрғындар бізге өз өтініштерін электронды еңбек биржасы арқылы да тапсыра алады. Соған сай өз қарым-қабілеттеріне қарай жұмыс ұсынылған



жұмыс түрлерін таңдай алады. Биыл «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасымен қатар, жастар тәжірибесіне де ұсыныстар көптеп түсуде. Осыған байланысты біз қазір сұранысқа ие педагог, есепші, заңгер, экономист және дәрігер мамандығы иелерін тұрақты жұмысқа орналастыру шараларымен айналысып жатырмыз, – дейді жұмыспен қамту орталығының маманы Эльвира Тойшыбекова.

# САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАР САҚТАЛАДЫ

**Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшысы Оңал Байғожина, Жезқазған қаласы полиция басқармасы бастығының бірінші орынбасары Аманжол Кәрімов және қалалық прокуратура прокуоры Әлкен Орақ бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесіп, төтенше жағдайдан кейінгі қала тыныс-тіршілігі жайлы баяндады.**




Мамыр айының 11-інен бастап ел аймақтарының басым бөлігінде төтенше жағдай шаралары жеңілдетілгенімен, бірқатар карантиндік шектеулер сақталуда. COVID-19 инфекциясының таралу қаупі әлі де болса бәсеңдемегенін ескере отырып, эпидемиологиялық жағдайдың алдын алу шаралары бұрынғыша жалғаса береді. Бүгінгі таңда Жезқазған-Қарағанды, Жезқазған-Сәтбаев бағытындағы блок-бекеттер алынды, ал Қызылорда облысымен шекарадағы блок-бекет қалдырылды. Қаламыз бойынша коронавирус дертін жұқтырған науқастардың Сәтбаев қаласындағы инфекциялық ауруханада ем алып жатқандығын және олардың барлығының жағдайы қалыпты деңгейде екендігін атап өткен Оңал Байғожина бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулысына сәйкес енгізілген жеңілдетулермен таныстырды. Соған сай, қаламызда ауданы 2000 ш.м.-ге дейінгі азық-түліктік емес дүкендердің жұмысы сағат 8:00-ден 22:00-ге дейін жаңартылып, ғимараттардан тыс азық-түлік емес базарлар 10:00-ден 17:00-ге дейінгі шектеумен жұмыстарын бастады. Монша, сауна, тігін ательесі, аяқ-киім, сағат және тағы да түрлі бұйымдар жөндеу шеберханалары ашылды. Балаларға арналған түзету кабинеттері алдынала жазылу бойынша іске қосылады. Бұл ретте күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, қызметкерлер мен балаларға міндетті термометрия жүргізу қажет. Ал мәдениет нысандары жеке және топтық дайындықтарда 30 адамға дейін ғана жұмыс істейді. 2000 ш.м-ге жетпейтін кеңселер жұмысына да рұқсат етілді. Саябақтар, скверлер, жағалаулар ашылды. Бұл ретте ойын-сауық нысандары жұмыс істемеуі тиіс. Балабақшалар, қоғамдық тамақтану нысандары әзірге ашылмайды, себебі бұл нысандарда ауру жұқтыру қаупі аса жоғары. Тұрмыстық техника, электр тауарларын, қосалқы бөлшектер сататын ауданы 2000 ш.м.-ден асатын сауда объектлері тек жеткізу режимінде жұмыс істейді. Сонымен қатар, таксилердегі жолаушылар саны бойынша шектеулер алынып тасталынды. Қарағанды-Жезқазған авиажолы да ашылды. Үй подъездері мен қоқыс жәшіктеріне және аялдамаларға, автобустарға бұрынғыша күніне екі рет дезинфекция шаралары жүргізіліп тұруы керек.

Қала ішінде де карантиндік шаралар жалғасады. Саябақтар мен көшелер кезекшілік патрульдер назарында.

– Төтенше жағдай жеңілдетілгенімен, тәртіп шаралары қатаңдатылды. Осыған дейін карантин тәртібін бұзған тұрғындарға әкімшілік кодекстің 476-бабымен айыппұл салынып, жазалау шаралары қолданылған болатын. Жаңа өзгерістерге байланысты бұдан былай карантин тәртібін бұзған тұлғалар әкімшілік кодекстің 425-бабы бойынша жазаланады. Осыған сай, жеке тұлғаларға 30 – АЕК, лауазымды тұлғалар мен шағын кәсіпкерлік субьектлеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – 230 АЕК, орта кәсіпкерлік субьектілеріне – 310 АЕК, ал ірі кәсіпкерлік субьектілеріне – 1600 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Ауру ошағы әлі де болса өршуі мүмкін. Сол себепті қала тұрғындары барынша сақтанып жүргендері абзал. Адам қарасы қалың жерлерде міндетті түрде маска тағып жүру керек. Сондай-ақ, бау-бақшаларда, саяжайларда, су жағалауларында түрлі отбасылық немесе ұжымдық басқосулар ұйымдастыруға тыйым салынады, – деген Әлкен Орақ тұрғындарды қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақырды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

2020 жылдың 15 мамыр мен 31 мамыр аралығында 5-сыныпқа дарынды балаларға арналған «Дарын», «Мұрагер», «Ақпараттық технологиялар», «Зияткер» (Балқаш қ.), «Мектеп-интернат-колледж» (Теміртау қ.), Жамбыл, Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-интернаттарына өтініштер қабылданады.

«Білім-инновация» лицей-интернатының 7-сыныбына түсу үшін оқушылардың өтініштері қабылдау а.ж. 15 мамыр-15 маусым аралығында жүзеге асырылады.

*Қосымша*

| Ұйым атауы | Тіркеуге арналған сілтеме | Мектептің орналасқан жері | Байланыс телефон дары |
|---|---|---|---|
| «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернаты | http://tiny.cc/daryn5class | Қарағанды қ. | 87212347727<br>7770354680 |
| «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернаты | www.tiny.cc/murager2020 | Қарағанды қ. | 87212500368 |
| Н.Нұрмақов ат. мамандандырылған мектеп-интернаты | http://tiny.cc/nurmakov2020 | Қарағанды қ. | 87212567232 |
| Жамбыл ат. мамандандырылған мектеп-интернаты | www.tiny.cc/zhambyl2020 | Қарағанды қ. | 87212451649 |
| «Ақпараттық технологиялар» мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты | http://tiny.cc/itlyceum-kabyldau | Қарағанды қ. | 87212376422<br>87756144748 |
| «Зияткер» мамандандырылған мектеп-интернаты | www.tiny.cc/ziatker2020 | Балқаш қ. | 87103640051<br>87086276621 |
| «Мектеп-интернат-колледж» | https://tiny.cc/1SMART2020 | Теміртау қ. | 87712830796<br>87075875785 |
| №1 «Білім-инновация» лицей-интернаты (ерлерге арналған) | karbilimschool.kz | Қарағанды қ. | 87212502220 |
| №2 «Білім-инновация» лицей-интернаты (қыздарға арналған) | http://karkizbil2.kz | Қарағанды қ. | 87212371102 |
| №3 «Білім-инновация» лицей-интернаты (ерлерге арналған) | Zhezbilim.edupage.org | Жезқазған қ. | 87102410099 |

# АЛҒЫС АЙТАМЫЗ



Бүгін қолға қалам алып, өз мамандығының шебері, Жезқазған қаласының №10 жалпы орта мектебі 4 «ә» сынып жетекшісі Қымбат Сапарбекқызының өлшеусіз еңбегін ескере отырып, сынып оқушылары мен ата-аналары, ұстазымызға деген шексіз алғысымызды басылым бетіне жариялау арқылы жеткізуді жөн көрдік.

Айрықша еңбегімен дараланған Қымбат Сапарбекқызы уақытының көп бөлігін біздің балаларымыз сияқты болашақ буындарды оқыту мен тәрбиелеуге арнап келеді. Өз ісіне берілген, шәкірттерінің алғысына бөленген Қымбат Сапарбекқызының еңбегі – көпке үлгі.

Сізге, оқу жылы аяқталып жатқан осы маңызды сәтте өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстарыңыз бен абыройлы ісіңізге береке, жемісті еңбек тілейміз! Еңбегіңіз еленіп, биіктен көрініңіз дегіміз келеді.

**Тілек білдірушілер: №10 орта мектебі 4 «ә» сыныбының шәкірттері мен ата-аналары.**

▌БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

# АҚБӨКЕН НЕГЕ КИЕЛІ?

Адам ата жерге түскенде, оның жүзін бір көруге күллі жануар ынтық болыпты. Солардың арасынан алғаш көрген ақбөкен екен. Адамды көру үшін Торғай даласынан Жида тауына тоқтамай шауып, жеті күнде жетіпті.

Адам ата мен Хауа ана тау етегіне отау тігіп, тіршілігін бастап жатыр еді. Ақбөкеннің тұяғы тасқа қажалып, шаршап-шалдығып ақ отауға жеткенде, сүрініп құлады. Адам оны көтеріп, үйіне әкелді. Аузына інжір жапырағын берді. Мейірленіп, тұмсығын сипайды. Пайғамбардың аяулы алақаны тиген соң, киіктің тұмсығына сымбат бітті. Екі танауы желбіреп, көзі мөлдіреп шыға келді. Жауырынын саусағымен тарағанда, денесінен жұпар аңқыды. Тұяғына мүбәрак қолы тигенде, қасиет дарыды. Желден желгір болды. Мүйізіне мың бір дертке ие болатын қасиет қонды. Пайғамбардың алақаны беліне тиіп еді, ол да құдіретке толды. Буаз кезінде елігінің жынысын қалауына сай өзгерте алатын жануарға айналды.

Киіктің арнайы келісіне риза болған Адам ата:

– Жануарым, бұйымтайың болса айт! Тәңірден дұға тілеп, мұқтажыңды өтейін, – деді. Сонда ақбөкен:

– Төлдегенде құралайым шыбын-шіркейге жем болады. Одан қалса, қасқыр шабады. Даланың шөбі төліме ауырлық етіп, қоң жинай алмай қиналады. Осыған бір шара болса, деді көзі мөлдіреп. Адам ата Жаппар Хаққа киіктің арызын жеткізді. Тілегі заматта қабыл болды. Содан бастап Құданың құдіретімен киік төлдер кезде бетбақ далада шыбын-шіркейді шығартпас суық тұрады екен. Бұл «Құралайдың салқыны» деп аталды. Сол мезгілде қасқырдың да киікке деген тәбеті тыйылады. Құралайлар көшке ілескенше оған жақындай алмайды екен. Жас киікке арнап даладан түйетабан деген шөп шықты. Ол тек ақбөкен төлдер кезде ғана көгеріп, көктеп, кішкене лақтарға азық болады деседі... Оны нақақ өлтірген қаскөй Адам атаның қарғысына ұшырайды деген түсінік бар. «Киіктің де киесі бар, пайғамбардай иесі бар» деген сөз осыдан қалыпты.

***«Экософия немесе киелі табиғат» кітабынан***